



ЫНТЫМАҚ ҰЯСЫ

6-БЕТ | БІРЛІК МЕРЕКЕСІ



ҒЫЛЫМСЫЗ СПОРТ ТҰРАЛАЙДЫ

9-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясынан бері елімізде түбегейлі өзгерістер болды. Саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі қалыптасты. Билік өкілеттіктерін Президенттен Парламентке, орталықтан өңірлерге дейін орталықсыздандыру жұмысы жүргізілді. Жеті жылдық мерзімге бір рет президенттікке сайлану туралы норма заңнамалық тұрғыда бекітілді.

№50-51  
(4484)  
Сенбі  
29 сәуір  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## МЕРЕКЕЛІК ДЕМАЛЫС

Жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында 2023 жылғы 1 шілде, сенбідегі демалыс күні 7 шілдеге, жұма күніне ауыстырылды. Үкімет тиісті қаулы қабылдады. Осылайша бес күндік жұмыс аптасында қазақстандықтар Астана күніне орай 6, 7, 8 және 9 шілдеде, яғни төрт күн қатарынан демалады. Сенбі, 1 шілде жұмыс күні болады.

## KASPI АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛАСЫЗ

Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Qazaq Forum отандық онлайн контент жасаушылардың форумында мәлімдеді.

«Өздеріңізге белгілі, «Қазпошта» акционерлік қоғамымен ақпарат саласын дамыту бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Сондай-ақ «Kaspi Bank»-пен де әріптестік байланыс орнатып, баспасөзге онлайн жазылу бойынша келісімге келдік. Мұндай қадамдар жазылушыларға оңтайлы жолдар ұсынып, олардың қатарын арттырады деген сенімдеміз» деді министр.

Ертең елордада  
«Жасыл Астана»  
экологиялық  
айлығы аясында  
жалпықалалық  
сенбілік өтеді



## БІРЛІК – ЕЛДІКТІҢ ЕҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Мерейлі мерекенің қарсаңында қалыптасқан дәстүрмен Қазақстан халқы ассамблеясының 32-сессиясы өтті. Алқалы жиында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тәуелсіз еліміздің іргесі бүтін, тұғыры мықты болуы үшін бірлігіміздің бекем болуы қажеттігін қадап айтты. Президент «Бірлік – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі» деп мәлімдеді.

2-4

**Құрметті елорда  
тұрғындары мен  
қонақтары!**

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – азаматтарымыздың ауызбіршілігінің, татулығының, Отанымыздың гүлденуіне бірлесе атсалысуының белгісі.

Біз көптеген этнос өкілдері тұратын еліміздің ерекшелігін, өзара сыйластығы мен татулығын мақтан тұтамыз. Атадан мирас болып келе жатқан дәстүрімізді сақтай отырып, мәдениетімізге және елдігіміздің нығаюына үлкен үлес қосамыз.

Жұдырықтай жұмыла отырып, кез келген қиындықты еңсеріп, елімізді гүлдендіре түсеміз.

Баршаңызға бейбітшілік, келісім және өркендеу тілеймін. Достығымыз бен өзара сыйластығымыз берік болып, әрбір күніміз қуаныш пен табысқа толы болсын!

Мереке құтты болсын!

**Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі**

## СУБҰРҚАҚТАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

1 мамыр күні елордадағы барлық субұрқақтар іске қосылады.

Астана көшелерінің сәнін келтіретін, ыстық күнде салқын леп беретін субұрқақтар көп. Қазір барлық субұрқақтар ретке келтіріліп жатыр. Атап айтқанда, Байқоңыр ауданында – 10, Сарыарқа ауданында – 10, Алматы

ауданында – 10, ал Есіл мен Нұра аудандарының аумағында 27 субұрқақ кешендері жұмысын бастайды.

Сулы-нулы желектегі субұрқақтар музыка әуенімен түрлі-түсті болып су бұрқайды.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 501.86 \$ USD/KZT 455.04 ₸ RUB/KZT 5.59 ¥ CNY/KZT 66.22

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



**ҚҰРМЕТТІ АССАМБЛЕЯ  
МҮШЕЛЕРІ!  
ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!**

Еліміз жақында Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл – аса маңызды мереке. Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек. Бұл – анық ақиқат.

Ассамблеяның алқалы жиынын жыл сайын ел бірлігі күніне орай өткізу дәстүрге айналды. Бұл сессия – көктем мезгілінде мемлекеттік деңгейде өтетін ең ауқымды іс-шара. Мұнда еліміз үшін өте маңызды ұсыныстар айтылады.

Мен былтырғы сессияда Ата заңымызға өзгерістерді референдум арқылы енгізу туралы бастама көтердім. Көп ұзамай халқымыз өзінің тарихи таңдауын жасады. Конституцияға енгізілетін өзгерістерді қолдап дауыс берді. Бұл – Ата заңымыз қабылданғаннан кейінгі алғашқы референдум. Біз осы бастама көтерілген кезде ел тағдырын айқындайтын маңызды жолдың бастауында тұрдық. Мақсатымызды айқындап, нақты жоспар құрдық. Дәл осындай тарихи сәтте халықтың бірауыздан қолдау білдіруі өте маңызды болды. Осыған орай түрлі ұсыныс айтылды. «Өзгерісті Парламент арқылы жасау қажет» деген пікірлер де болды. Бірақ біз әрбір азаматтың пікірін білген жөн деп шештік. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағидатты ұстандық. Осылайша, «Келісіп пішкен тон келте болмайтынына» бүкіл ел болып көз жеткіздік.

Бір жылдың ішінде атқарылған жұмысқа зер салсақ, былтырғы референдумның тарихи маңызы зор екенін түсінеміз. Бұл Әділетті Қазақстанды құру ісіне бүкіл халықты жұмылдырған науқан болды. Жұртымыз жауапты сәтте ұлт ретінде ұйыса алатынын көрсетті. Референдумның түпкі нәтижесі және халқымыздың басты жетістігі – осы.

Біз «бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды» дейміз. Әрине, бұл – дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға апаратын жол ғана емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі.

Мен бұған дейін де айттым: еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. Бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек.

Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!

Әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Бұл қызмет ешқашан тоқтамайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені бірлік болса ғана, тірлік болады. Біз осы мызғымас қағидаға әрдайым адал болуымыз керек. Татулық пен келісімнің ерекше маңызды екенін жұрттың бәрі бірдей сезінбеуі мүмкін. Сол себепті кейде «Ассамблеяның қажеті жоқ» деген ұшқары, яғни күмәнді пікірлер айтылып жатады. Шын мәнінде, Ассамблея – мемлекеттілігіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институт.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

# ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК – ТАБЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ДАМУ» АТТЫ ХХХІІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым. Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады. Баршаңыз осы маңызды миссияны абыроймен атқара бересіздер деп сенемін.

## ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХХІ сессиясынан бері елімізде түбегейлі өзгерістер болды. Саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі қалыптасты. Билік өкілеттіктерін Президенттен Парламентке, орталықтан өңірлерге дейін орталықсыздандыру жұмысы жүргізілді. Жеті жылдық мерзімге бір рет президенттікке сайлану туралы норма заңнамалық тұрғыда бекітілді. Ол қайта қарауға жатпайды.

Мәжіліс пен мәслихаттарды қалыптастырудың аралас моделі енгізілді. Парламенттің бақылаушылық қызметі күшейтілді, заң шығару рәсімдері оңтайландырылды. Партияларды тіркеу процесі жеңілдетілді. Депутаттық мандатты қайтарып алу механизмі енгізілді. Облыстардың әкімдері мәслихат депутаттарының келісімімен баламалы негізде тағайындала бастады. Нәтижесінде азаматтардың елімізді басқаруға атсалысу мүмкіндігі айтарлықтай артты.

Сайлау жүйесіндегі жаңашылдықтардың, ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізудің нәтижесінде азаматтар жергілікті билікке нақты ықпал ете алатын шынайы тетіктер пайда болды. Конституциялық соттың құрылуы, Адам құқықтары жөніндегі үкілге конституциялық мәртебе берілуі құқық қорғау саласын түбегейлі күшейтті.

Референдумда қолдау тапқан жаңа мемлекеттік модель халқымыздың үмітін толық ақтайды

және демократиялық дамудың жалпыға ортақ қағидаттарына сай келеді деп сенемін. Ол билікті тұрақты түрде ротациялауды және саяси жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етеді. Қазақстанның дамуын тек демократиялық барлық этностың мүддесін Парламентте қорғайды. Бұдан бөлек, Ассамблеяның 12 мүшесі Ұлттық құрылтайдың құрамына кірді. Олар жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделін ілгерілету жөніндегі Құрылтайдың жұмысына әлшеусіз үлес қосып келеді. Ассамблея елімізді саяси тұрғыда жаңғыртып, жалпыұлттық тұтастықты нығайту ісінде маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн. Ассамблея реформалардың жұртшылық тарапынан кең қолдау табуына, мемлекетті дамытудың стратегиялық міндеттерін шешу ісіне барлық этносты жұмылдыруға ықпал етті. Осылайша, Қазақстан өз геосаяси аймағында ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып жатқан бірден-бір елге айналды.

Қолға алған ісіміздің оңай-ға соқпайтыны белгілі. Бірақ алған бетімізден қайтуға немесе қарқынымызды бауалатуға мүлде болмайды. Ел мүддесі бәрінен қымбат екенін, ал азаматтардың мүддесі бәрінің бел ортасында тұратынын әрдайым есте сақтауға тиіспіз. Сондықтан реформаларымыздың барлығы, ең алдымен, мемлекеттілікті нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Саяси реформалар бағдарламасы барлық

этносты бір ұлтқа біріктірудің шынайы әрі тартымды жаңа платформасына айналды.

Саяси құрылымның жаңа моделі негізгі мемлекеттік институттарды оның құрамына қосу арқылы үйлесімді механизмге айналуға тиіс. Дәл осы модель аясындағы саяси бағдардың жаңа жүйесінде дамуға және жасампаздыққа негізделген үйлесімді этносаралық қатынастар жаңаша қалыптасады.

Былырғы референдум және сайлау науқандары бірлігіміздің бекем екенін айқын көрсетті. Сондай-ақ мемлекет пен қоғамның өзара сенімін нығайтты. Барша азаматтардың ел болашағына қатысты ұстанымы бір екенін танытты. Азаматтық бірегейлікті нығайту нәтижесінде өткен сайлау науқандарында этникалық немесе басқа да тар түсініктерге, ескі таптаурындарға жол берілмеді. Нағыз саяси бәсекелестік, көзқарас пен ой-пікір алуандығы сайлаудың ең басты жалпы азаматтық мотивіне айналды.

Біз Әділетті Қазақстанды құрудың практикалық кезеңіне қадам бастық. Қоғамда жаңа идеялар, жаңа институттар, жаңа қоғамдық қатынастар белсенді қалыптасып келеді. Қоғам мен мемлекеттің бейнесін өзгертетін нағыз реформа дегеніміз – осы.

Жуырда ғана айтқан стратегиялық жоспарымыз іске асқан шындыққа айналды. Ертеңіміз біртіндеп бүгінге айналып келеді. Біз аса маңызды шешімдерді бірге қабылдап, ортақ болашағымызды іргетасын бірге қалаймыз. Ортақ мақсатымыз реформаларымыздың қозғаушы күші болатынына кәміл сенемін. Жалпы айтқанда, біздің ең басты әрі теңдессіз жетістігіміз – осы.

## ҚҰРМЕТТІ СЕССИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Нағыз демократия ұлттық қарқынды дамыту және азаматтық идеяларды сіңіру үшін ең қолайлы жағдайды сөз жүзінде

емес, іс жүзінде қалыптастырады. Тәуелсіздік жылдары елімізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасты деп батыл айта аламыз. Оның көрінісі мен символдары қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін жасанды идеологиялық тұжырымдар әзірлеп, түсіндірмелер жасаудың және ойлансыз-толғанудың қажеті жоқ. Шын мәнінде, бәрі анық көрініп тұр.

Біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымыз бен астамасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы. Біздің паспортымыз этникалық шығу тегіне, діни ұстанымына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, адамды Қазақстан Республикасының азаматына тиесілі құқықтармен және міндеттермен толық қамтамасыз етеді. Біздің паспортымызды иелену халықаралық аренада беделді елдің азаматы болу және дүниежүзін кедергісіз шарлауға мүмкіндік алу, өзінді қазіргі әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде сезіну дегенді білдіреді. Демек, бұл – азаматтарымыз әрдайым және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында болады деген сөз.

Қазақстан паспорты – біздің бірлігіміз бен татулығымызға негіз болған прогрессивті құндылықтардың көрінісі. Өз кезегінде көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көпжасарлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорт жарыстарында және басқа да сондай шараларда жоғары көтерілген сайын біздің бойымызды елімізге деген мақтаншыл сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс.

Біздің қоғам – ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Сондықтан бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ ұлбасының, шын мәнінде, қазақ отбасының мүшесі сезінеді. Біз бәріміз – бір отбасымыз. Бұл артық айтқандық емес. Бұл – біздің шынайы болмысымыз. Осы ретте біз мақтаншыл ететін этномәдени аралуандығымыз ешқандай жоғалып кетпейді. Керісінше, біртұтас азаматтық негіз есебінен нығая түседі.

Елімізде түрлі мәдениет дәстүрлері жалпыұлттық бірегейліктің берік іргетасы болып қаланатын өзімізге тән айрықша өмір сүру салты қалыптасты. Осынау ерекше бірегейлігіміз уақыт тегіне төтеп беріп, қоғамдық сананың өзегіне айналды. «Бірлігіміз әралуандыққа», «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидаттары – бұл ұран емес, күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің мәні.

Биыл қасиетті Рамазан айының басталуы Наурыз мейра-

мымен қатар келді. Пасха мен Ораза айтты мерекеге күндерінің де арасы жақын болды. Мұның ерекше символдық мәні бар. Ораза кезінде мұсылмандар мызғымас адамгершілік құндылықтарды дәріптейді. Бір-біріне ізгі тілектерін арнайды. Сол секілді Пасха да – адамдарды жоғары гуманистік идеалдарға үндейтін мерейлі мейрам. Сондықтан бұл мерекелердің бәрі этникалық шығу тегіне қарамастан, еліміздің миллиондаған азаматы үшін ортақ мейрамға айналды. Біз азаматтарымыздың ерекше ауызбіршілігіне куәміз.

Қазақстандағы барлық этнос өкілдері қазақтың болмысын бойына сіңіруде. Елімізде қазақтын салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп. Оны өздерінің жақсы білесіздер. Қазақстан олар үшін туып-өскен, ержеткен, білім алған, отбасын құрған қастерлі мекені, Отаны болып саналады. Бұл – табиғи үрдіс.

Дәстүрлердің осылайша бітеқайнасуы, этносаралық және конфессияаралық келісім, өзге мәдениетке толерантты болу – біздің баға жетпес байлығымыз, қазіргі тілмен айтсақ, ұлттық брендміз. Отансүйгіштік, әдептілік, қонақжайлық, еңбекқорлық, халықтық дәстүрлер мен отбасы құндылықтарын құрметтеу ұлтымыздың мәдени және адамгершілік қасиеттері саналады. Мұны бүкіл қоғамымыздың адамгершілік негізі деп айтуға болады. Әр адамның ішкі моральдық өзегі туралы ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан таным-түсінігі осыған сүйенеді.

Ұлы Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек» деген сөзі бар. Расында, санасы сергек, жауапкершілігі жоғары адамдар ғана қоғамды жаңғыртады, түрлі этностар мен мәдениеттердің басын қосқан ұлтымызды алға қарай жетелейді.

Әр азаматтың Отанға деген сүйіспеншілік сезімінен, туған елінің тағдырына бей-жай қарамайтын жауапкершілігінен ұлтымыздың жаңа сапасы көрініс табады. Еліміздің барлық азаматы үшін ең дұрыс өмірлік ұстаным осы деп санаймын. Менің ойымша, еліміздегі үйлесімді этносаралық қатынастың сыры да – осында.

Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы да бірлікке, татулыққа және өзара тілектестікке негізделуі керек. Әсіресе, көршілес, бауырлас елдермен болашағымызды бөле-жара қарамаймыз.

Жақында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров әлеуметтік желіде қазақ пен қырғыздың достығы туралы лебізін білдірді. Шын мәнінде, біз – тамырлас, тағдырлас, бір туған жұртпыз. Қиындықты бірге еңсеріп, қуанышты бірге бөлісіп, қилы заманның бәрінен бірге өтіп келеміз.

Ұлы Абай «Еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды» деген. Мұхтар Әуезов «Манас» жырының идеология құрығынан құтқаруға





ерекше еңбек сіңірген. Молда Қылыш пен Шыңғыс Айтматовқа өз бауырындай араша түскен. Бұл екі елдің ерекше жақындығын және жанашырлығын айқын көрсетеді. Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы оқиғалар және кейіпкерлер қазақ жерімен тығыз байланысты. Алатаудың бөктерін қатар жайлаған егіз халық болашаққа бірге қадам баса береді. Мен бұған кәміл сенемін. Біз басқа да бауырлас елдермен, көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты осындай деңгейде жалғастыруымыз керек.

#### ҚҰРМЕТТІ СЕССИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Ассамблея – еліміздің саяси жүйесінің аса маңызды бөлігі. Бұл құрылым ел бірлігін нығайтуға орасан зор үлес қосып келеді. Ассамблеяның қызметіне көптеген азаматтық атсалысып жүр. Былтыр Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Онда жұмыстың басым бағыттары айқындалды. Басты міндеттің бірі – жұртты азаматтық бірегейлікті дамыту ісіне жұмылдыру. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасында сындарлы диалог орнату да өте маңызды.

Бүгінде Ассамблея жалпыұлттық маңызды бар жобаларды жүзеге асырып жатыр. Оның бәрі барша халқымызға ортақ рухани құндылықтарды нығайтуға арналған. Ассамблея волонтерлік және қайырымдылық шараларға ұйытқы болуда. Тілеуестік, жаңашылдық, қамқорлық сияқты қасиеттерді дәріптеуде. Соның арқасында қоғамда әлеуметтік жауапкершілік идеясы орныға түсті. Ассамблея медиация институтын дамытуға үлес қосып келеді. Жастармен тығыз жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл – өте ауқымды және маңызды жұмыс. Бір сөзбен айтсақ, Ассамблея мүшелері – еліміздің болашағы жарқын болуы үшін еңбек етіп жүрген нағыз отаншыл азаматтар, нағыз патриоттар.

Осы орайда жыл бойы атқарған жемісті еңбегі үшін қоғамдық орынбасарларым – Тауфик Акрамович Каримовке және Наталья Григорьевна Дементьеваға алғы айтамын. Сондай-ақ этномәдени бірлестіктер атынан жаңадан тағайындалған орынбасарларым – Акбаржон Яхияхожаевич Исмаиловты және Аурика Георгиевна Дякті таныстыруға рұқсат етіңіздер! Жұмыстарыңызға табыс тілеймін!

#### ҚҰРМЕТТІ АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІ! ҚАДІРЛІ ДОСТАР!

Қазір дүниежүзіндегі ахуал түбегейлі өзгеріп жатыр. Жаңа басымдықтар пайда болуда. Сырттан төнген сын-қатерлердің бетін қайтару аса өзекті мәселеге айналды. Мемлекеттер үшін егемендікті қорғаудың, ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызы арта түсті. Бұл ретте этносаясат байыппен жүргізілуі керек. Яғни татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі.

Сессия аясында кеше нақты мәселелерге арналған пікірталас өткіні білемін. Этносаясатта жаһандық және аймақтық үдерістер ескерілуге тиіс екені айтылды. Бұл – өте орынды ұсыныс. Яғни, этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу қажет. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болуға тиіс.

Бұған немқұрайлы қарауға болмайды, этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді. Шын мәнінде, азаматтардың бірлігін, жалпыұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармаған жөн. Осыған байланысты жұмысымызда мынадай басымдықтарға мән беруді ұсынамын.

**БІРІНШІ.** Бірлігіміз бен татулықтымызға сына қаққысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою қажет.

Қоғамда түрлі жалған ақпарат немесе фейктер мен деструктивті жарияланымдар айтарлықтай көбейгенін көріп отырмыз. Оның басым бөлігінде авторларының Қазақстанға түк қатысы жоқ. Шетелде отырып, біздің қоғамда ірікті салғысы келеді. Олардың сөзі мен әрекеті адамдар арасындағы сенімге селкеу түсіріп, алауыздықты қоздыруға, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіруге бағытталған. Осындай жайттарды ескерсек, қылмыстық және тұрмыстық сипаттағы кез келген оқиға теріс пиғылды адамдардың кесірінен этносаралық жанжалға айналуы және оның салдары ауыр болуы мүмкін. Сіздер оны жақсы білесіздер. Сондықтан жауапкершілігі бар азамат ретінде радикализм, экстремизм және сепаратизмнің кез келген түріне қарсы тұруға

тиіспіз. Бұл орайда абай болған жөн. Бірақ қаталдық та керек. Түптеп келгенде, әділ болу қажет.

Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыруы керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Ешкімді ұлтына, тіліне, дініне қарап кемсітуге болмайды. Қоғамда мұндай ұстанымға сай бөлектенуге жол берілмейді. Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Бәріміз – бүгінгі өмірі және болашағы – бір бауырлас азаматтармыз.

Мемлекет заң аясында этносаралық қарым-қатынас, тіл және әлеуметтік мәселелерге қатысты барлық арандатушылық әрекеттің жолын кеседі. Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті бұл мәселені айрықша бақылауда ұстайды және заңға сай әрекет етеді. Бұл ретте еліміздің әрбір азаматы өз сөзі мен әрекеті үшін жауап беретінін сезінуге тиіс. Эмоцияға бой алдырып, сырттан таңылған алауыздық пен өшпенділікті жетегіне еруге болмайды. Өзгені ақпараттық соғыс пен идеологиялық дауының бізге қажеті жоқ.

Демократия туралы сөз қозғағанда, таразының бір жағында азаматтың құқықтарымен және бостандығымен қатар, оның міндеттері мен жауапкершілігі тұрғанын ешқашан естен шығармауымыз керек. Еркіндікті жүзеге асырудың шарты болмайды. Ал диалог мәдениетін әлсіздік деп қабылдамаған жөн. Бір адамның бостандығы шектелетін жерден, екінші адамның еркіндігі басталатыны ежелден белгілі.

Ынтымағы жарасқан қоғам құрамы десек, біз заң мен тәртіпке мұлтіксіз бағынуымыз қажет. Бұл – Әділетті мемлекет құрудың ең басты қағидаты. Оны жүзеге асыру үшін кез келген құқықбұзушылық әрекет жазасыз қалмауы керек. Заң нормалары қағаз күйінде қалып қоймай, іс жүзінде, яғни қоғамдағы орнына немесе сіңірген еңбегіне қарамастан, азаматтардың барлығына бірдей қолданылуға тиіс. Екінші жағынан, халықтың құқықтық сауатын дәйекті түрде арттырып, қоғам санасына адами құндылықтарды сіңірген жөн. Әрбір азамат өз сөзі мен әрекетіне заң тұрғысынан есеп беріп, оның құқықтық салдары қандай болатынын нақты түсінуге тиіс.

«Плюрализмді құптаймыз, ал радикализмге жол жоқ» – бұл біздің мызғымас қағидатымыз. Ақпараттық кеңістігімізде және қоғамда достық пен татулық,

сындарлы диалог пен адами қарым-қатынас рухы салтанат құруға тиіс. Қазақстан үшін бұл ойдан шығарылған немесе жасанды ұғымдар емес. Бұл – біздің тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, ең бастысы, келешегіміз.

Ұлттық бірлігімізді, достығымызды, азаматтарымыздың толеранттылығы мен отаншылдық сезімін айшықтайтын тамаша мысалдар жетерлік. Ассамблея мен оның мүшелерінің әлеуметтік желіде бейбітшілік, татулық идеясын белсенді түрде насихаттайтыны және арандатушылық әрекеттерге қарсы шұғыл шара қолданып, бірлігімізді қорғайтын қуантады. Өткен жылы Ассамблея өкілдері бірлікке шақыратын прагматикалық ұстанымнан айнымайтынын көрсетіп, қоғамда резонанс тудырған жағдайларға қатысты бірнеше рет мәлімдеме жасады.

Сіздерді жай ғана қоғамдық бірлестіктің бөлігі емес, бейбітшілік пен келісім идеясының нағыз құзиретті өкілі деп білеміз. Этносаралық және конфессияаралық қатынастарға байланысты шетін мәселелер талқыланған кезде, үнемі парасаттылық пен көрегенділіктің үлгісін көрсетіп келесіздер. Осы бағытымыздан таймасақ, қоғамымызға ірікті салатын кез келген қауіп-қатерге төтеп бере аламыз.

Әрбір азамат ел ішінде де, шетелде де халқымыздың бірлігі мен ынтымақтастыққа негізделген құндылықтарын табанды түрде қорғауға тиіс. Оның бір мысалы – әлеуметтік желідегі челленджер. Онда этникалық шығу тегі әртүрлі азаматтарымыз халқымыздың бірлігін дәріптеп, елімізде кемсітушілікке жол берілмейтінін айтады. Креативті индустрия өкілдері және қарапайым шығармашылық адамдары Қазақстандағы достық пен өзара түсіністікті, азаматтарымыздың бірлігін, азаматтарымыздың толеранттылығын паш ететін контент жасайтыны қуантады. Мұндай мазмұндағы әндер, өлеңдер, бейнероликтер әрқашан аудиторияның ерекше ықыласына бөленеді.

Халқымыздың ынтымақ-бірлігі бұл тағдырдың бере салған сыйы емес. Бұл, ең алдымен, жұртшымыздың күнделікті табанды еңбегінің арқасы екенін дұрыс түсінуіміз керек. Сондықтан біз бірлігімізді күн сайын нығайтып отыруымыз қажет. Яғни, татулық пен келісім халқымыздың өмір салтына айналуға тиіс. Әйтпесе, елдікті сақтап қалуымыз өте қиын болады.

Жақсы тілек айту – халқы-

мыздың қанына сіңген қасиет. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтылмаған. Мен барша отандасымызды еліміздің береке-бірлігін бағалай білуге шақырамын. Шын мәнінде, ел бірлігін нығайту үшін қызмет ету – ең жауапты әрі сауапты іс. Елдікті бұзу, бірлікті шайқалту, бұл – заң алдында – қылмыс, Құдай алдында – күнә. Осыны бәріміз терең түсінуіміз қажет.

**ЕКІНШІ.** Этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдаған жөн. Өткен сессияда мен томағатұйық тіршілік ететін этникалық аудандар мен кварталдардың пайда болуына жол бермеу мәселесімен айналысуды тапсырдым. Бүгінде кешенді шаралар әзірленіп, алдағы жұмыс жоспары жасалды.

Енді оның сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз ету керек. Бұл өте шетін жұмыс екенін ескеріп, оны қажетті ресурстармен күшейту қажет. Бұл ретте этноәлеуметтік топтардың қоғамға толыққанды кіругіне кедергі келтіретін аймақтық ерекшеліктерге, мәдени және басқа да факторларға баса мән беру маңызды.

Соңғы кездегі жанжалдар негізінен ауылдық жерде болды. Сондықтан шалғай ауылдардың тұрғындары арасында белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу қажет. Бұл, әсіресе, бір этнос өкілдері шоғырлана қоныстанған аудандарға тікелей қатысты. Жұртшылыққа мемлекеттің этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатын түсіндіру керек. Ұлты әртүрлі азаматтарымыздың өзара достығы мен татулығы туралы мысалдардың көп екенін көрсетеміз қажет.

Жергілікті қоғамдастықтың Ассамблея мен оның қоғамдық құрылымдарының жұмысына атсалысуына мүмкіндік жасау өте маңызды. Этностардың өзара аралас-құралас өмір сүруіне барынша жағдай жасау қажет. Бұл, түптеп келгенде, елімізде бірыңғай жалпыұлттық коммуникациялық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ассамблея көпұлтты халық тұратын аудандардағы жұмысқа баса мән беруі керек.

Ассамблеяның қызметін біртіндеп ұлттық ықпалдастық әлеуетін күшейтуге бағыттау керек. Сондай-ақ Ассамблея этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тың серпін беру мәселесіне айрықша назар аударуы қажет. Олар

этносаралық коммуникацияның тиімді жолдарын қалыптастыруға тиіс. Түрлі этностардың мәдениет қайраткерлері арасында қоғамдық диалогтың болуы өте маңызды. Жұмыс тәсілі қазіргі заманға сай болғаны жөн. Үкімет осы айтылған мәселелерге назар аударуы керек.

**ҮШІНШІ.** Көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтық мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау қажет.

Жалпыұлттық азаматтық бірегейлік этникалық ерекшеліктерді жоққа шығармайды. Ол азаматтық қоғамның жаңа моделінің негізін қалыптастыруды көздейді. Қазақстандағы әрбір этностың өз дәстүрін, мәдениеті мен тілін дамытуға мүмкіндігі болды және бола береді. Бұл, шын мәнінде, жалпыұлттық бірегейлігіміздің негізі. Сонымен қатар Қазақстанның барлық азаматы мемлекетіміздің өткеніне, бүгінгіне және болашағына, ұлттымыздың рәміздеріне және оның мәдени өзегіне қатысы бар екенін сезінуі керек. Мен айтқан «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт», «Бірлігіміз әралуандықта» қағидаттары мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру жүйесінің берік негізі болуға тиіс.

Ұлттық театрлар мен олардың шын мәніндегі халықтық ұжымдары шығармашылығының мәні зор. Бұл театрлардың еліміздің барлық аймағында және үлкен сахналарында, сондай-ақ шетелде гастрольдік сапарын ұйымдастыру қажет деп санаймын. Қазақстанның этномәдени араландығы көркем фильмдерде, телехикаяларда, театрландырылған қойылымдарда көрініс табуға тиіс.

Қазақстандағы түрлі этностардың тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарын қолдауға арнайы көңіл бөлу қажет. Олар бірлік пен өзара түсіністікке негізделген құндылықтарды жан-жақты насихаттап, жалпыұлттық мәселеге баса мән беруі қажет. Еліміздегі үйлесім мен татулықты нығайтуға нақты істерімен үлес қосып жүрген азаматтарды жан-жақты көтермелеу қажет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының екі сыйлығын тағайындауды ұсынамын. Біріншісі – әдебиет пен журналистика салаларындағы үздік жұмыс үшін. Екіншісі – мәдениет пен өнер саласындағы үздік шығармалар үшін. Аталған сыйлықтарды жекелеген авторлар да, шығармашылық ұжымдар да ала алғаны маңызды. Бұл ретте сыйақы мөлшері мемлекеттік сыйлықтан кем болмауға тиіс.

(Жалғасы 4-бетте)



# ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК – ТАБЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 2-3 беттерде)

Бұған қоса жаңа мемлекеттік награда – Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қоғам бірлігін нығайту жолындағы табысты еңбегі үшін» орденін бекіткен жөн. Бұл награданы алғашқы иегерлеріне биыл қазан айында Республика күніне орай табыстауға болады. Азаматтарымыздың еліміздегі бейбітшілік пен келісімді сақтауға қосқан үлесін мемлекеттік деңгейде мойындау жалпыұлттық бірлікті нығайтуға тың серпін беретініне сенімдімін.

Жалпы, еліміздің геральдикалық белгілерін одан әрі жетілдіру жөнінде ойлануымыз керек. Ол азаматтарға жақын әрі түсінікті, әлемнің озық тәжірибелеріне сай және халқымыздың ерекше бірегейлігін танытатындай болуға тиіс. Бұл мәселені Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында талқылаймыз.

Барлық азаматтық мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек.

Бұл – тек салалық министрліктердің ғана емес, бүкіл қоғам болып шешетін тарихи міндет. Осы ретте асырасылтеушілік пен даңғазалыққа жол бермей, парасатты әрі дәйекті түрде әрекет еткен жөн. Мемлекеттік тілді оқымаған және тиісті деңгейде меңгермеген азаматтар тіл білмегені үшін қысым көрмеуге тиіс. Сонымен қатар біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет.

Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады. Түптеп келгенде, бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ қаншалықты патриот екенін көрсетеді.

Жалпы, мемлекеттік тіл төңірегінде оң көзқарас ұстану қажет. Тіл мәселесіне қатысты барлық пікірталас этникалық емес, азаматтық және саяси сипатқа ие екенін түсіну маңызды. Бұл мәселеде кез келген жөнсіз әрекеттің салдары ауыр, тіпті қайғылы болуы мүмкін.

**ТӨРТІНШІ.** Ассамблеяның саяси партиялармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын күшейту керек.

Бұл жұмысты орталықта және аймақтарда жүргізген жөн. Бұл ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде шынайы пікір алуандығына қол жеткіздік. Әрине, әр саясаткердің өз пікірі болуы орынды. Елімізді дамыту, күнделікті мәселелерді шешу туралы көзқарастар үнемі бірдей бола бермейді. Бұл түсінікті. Алайда ел бірлігін сақтауға келгенде, біз жұдырықтай жұмыла білуіміз керек.

Этносаралық келісім саясатында сөз бен іс бір жерден шығуға тиіс. Ассамблея саяси партиялармен ақылдасып, кеңесіп отыруы қажет. Сонда бірлігімізді нығайтамыз. Этносаралық қатынасқа қатысты кез келген арандатудың жолын кесеміз.

Партияларды ортақ іске жұмылдырудың тағы бір маңызды жолы – Парламентте депутаттық бірлестік құру. Ассамблеядан сайланған бес сенатор бұл шаруаның басы-қасында жүруі керек. Этносаралық қатынас саласындағы өзін-өзі басқару институттарын дамыту – маңызды міндеттің бірі. Ассамблея бұл жұмысты этномәдени бірлестіктердің қызметін үйлестіру арқылы атқаруда. Осында министрліктердің, меке-



мелердің, аймақтардың, Парламенттің және Президент Әкімшілігінің басшылары отыр. Олардың көпшілігі – Ассамблея мүшесі. Ассамблея қызметіне белсене атсалысу – баршаңызға ортақ міндет. Ассамблея да әкімдіктер мен мәслихаттардың жұмысына атсалысуы қажет. Бір сөзбен айтқанда, Ассамблея және билік органдары өзара тығыз байланыста болуға тиіс. Мұның айрықша мәні бар. Құзыреттерді жоғарыдан төменге беру ісінде осы мәселені ескерген жөн. Мемлекеттік орган басшылары Ассамблея өкілдерімен тұрақты кездесіп отыруы қажет. Мұндай кездесулер кем дегенде жарты жылда бір рет өткізілуі керек.

Ассамблеяның барлық негізгі жұмысы жергілікті жерде, яғни халық арасында жүргізілуі тиіс. Осы сессияда жүктелген міндеттердің жүзеге асырылуы ғана емес, сондай-ақ жалпы реформалардың табысты болуы да аймақтық ассамблеялар мен жергілікті этномәдени бірлестіктерге тікелей байланысты.

Ассамблея көптеген игілікті іске ұйытқы болып жүр. Мәселен, рекордшы Сергей Цырульников «100 ауыл» жобасы бойынша бастама көтерді. Ол ауылдық жердегі 100 мектепті спортқа қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етті. Мұның бәрін бюджеттен қаржы сұрамай жүзеге асырды.

«Үйде сөйле» атты жобаның аясында аула клубтары ашылып жатыр. Тұрғындар сол жерде бас қосып, қазақ тілін үйрене бастады. Әкімдіктер осындай ұтымды бастамаларға барынша қолдау көрсетуге тиіс. Этномәдени бірлестіктердің жергілікті билікпен тікелей қатынас орнатуы маңызды.

**БЕСІНШІ.** Біздің этносаясатымыз біртұтас болып, дәйекті түрде жүргізілуі тиіс.

Сондай-ақ ғылыми тұжырымдарға негізделуі қажет. Осы саладағы тапсырмаларды орындау барысында менің сайлау алдындағы тұғырнамам және басқа да стратегиялық құжаттар басшылыққа алынуы керек. Мысалы, қазір әлеуметтік салада жүйелі өзгерістер жасалып жатыр. Мен жақында Әлеуметтік кодекске қол қойдым. Мұндай маңызды құжат ТМД мемлекеттері ішінде алғаш рет қолданысқа енгізіліп отыр. Бұл кодекс еліміздің жаңа әлеуметтік саясатын айқындайды, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың мүлде жаңа үлгісін қалыптастырады. Сондай-ақ жаңа әлеуметтік келісімнің негізін қалайды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс бүгінгі күннің талаптарымен мейлінше үндеседі.

Сол сияқты, этносаясат та мемлекеттің басымдықтарына толық сай келуі керек. Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді талдау қажет. Үкімет жыл соңына дейін ұлттың қалыптасу процесінің қазіргі жай-күйіне талдау жасалған және тиісті өзекті ұсыныстар берілген сараптамалық баяндама әзірлеуі керек. Осы мәселеге қатысты ғылыми зерттеулерге баса назар аудару қажет.

Мемлекеттік органдардың ғылыми ұсынымдарға немқұрайлы қарап, көбінесе ескерусіз қалдыруы – бұл, жалпы, мұқият қарастыратын маңызды мәселе. Салалық министрліктерден, Мемлекеттік басқару академиясынан дәл осы саладағы ғылыми-талдау жұмыстарының сапасын және практикалық тиімділігін арттыру жөнінде нақты ұсыныстар күтемін. Бұл өте маңызды.

## ҚҰРМЕТТІ ЖИЫҢҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Бүгінгі сессияның тақырыбы алдағы мақсат-міндеттердің өте өзекті екенін көрсетеді. Кешеден бері айтылған ұсыныстар мұқият қаралып, міндетті түрде жұмыс барысында ескерілетін болады. Министрліктерге және басқа да құзырлы мекемелерге тиісті тапсырма берілді.

Ассамблея өзін шынайы демократиялық қағидаттар мен құндылықтарға сүйенетін әрі оны нақты жүзеге асыратын аса маңызды қоғамдық-саяси институт ретінде таныты. ҚХА әртүрлі мәдениеттің қатар дамуына және өзара қарым-қатынасына қатысты қағидаттарды сәтті жүзеге асыру келеді. Бұл – қазіргі әлемнің ең өзекті мәселесі.

Әлемдегі қақтығыстар мен соғыстардың бәрі ұлттық тәкаппарлықтан, өзге этнос өкіліне және өзге ұлтқа жақын адам не дос деп қарағысы келмеу салдарынан туындайды. Нағыз патриотизмді ұлттық менмендікпен еш шатастырмау керек. Сондықтан біз Ассамблеяны одан әрі дамытамыз. Оның жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіріп, құрамын үнемі жаңартып отырамыз.

Біз – бір елдің перзенті, бір халықтың ұл-қызымыз! Ұлы даланың ұлан-ғайыр жерінде бәрімізге орын жетеді. Осы киелі мекенде бәріміздің де көздің қарашығындай сақтайтын және сол үшін еңбек етіп, өмір сүретін қастерлі дүниелеріміз бар.

Қазақстанның болашағы, балаларымыздың тағдыры, ата-баба мұрасы – бәрі өз қолымызда. Біз уақыттың кез келген сын-қатеріне еңсемізді тік ұстап қарсы тұрамыз.

Біз – біртұтас халықпыз, біз барлық сынақты еңсереміз.

Әрбір отандасымның бойынан шынайы патриотизмнің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің, өз ісіне деген адалдықтың үлгісін көремін. Дәл осы қасиеттер – Әділетті Қазақстанды сәтті құрудың кепілі!

Бүгін Ассамблея сессиясында заманымыздың қаһармандарына, еңбек адамы мен нағыз азаматтың үлгісін көрсетіп жүрген жандарға алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Сіздерді лайықты марапаттарыңызбен құттықтаймын! Жалпыұлттық бірлікті нығайтып, Қазақстанның дамуына үлес қоса беретіндеріңізге сенімдімін.

## ҚҰРМЕТТІ АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІ! ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!

Сессияның соңында мынадай мәселеге назар аударғым келеді. Қазақстан этносаралық татулық пен келісімді сақтау үшін әрдайым орнықты және сапалы саясат жүргізеді. Бұл – мемлекетіміз үшін мызғымас ұстаным. Қазір дүниежүзі күрделі кезеңді бастан өткеруде. Әлемде түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Жаһандық деңгейде жаңа сын-қатерлер пайда болды. Біз заманның осындай қиындығына қарамастан, келешекке нық сеніммен қадам басып отырымыз.

Әділетті Қазақстан көз алдымызда құрылып жатыр. Әрқайсымыз түрлі қорқыныштардың, стереотиптер мен жалған сенімнің шырмауында қалсақ та, артқа жалтақтамай, алға қадам басуымыз керек.

Еліміздің барша азаматының тағдыры жалпыұлттық бірлігімізбен ағасып жатыр. Қазақстан – біртұтас ұлт, елімізді әрбір этносы достықты, үйлесім пен келісімді нығайтуға өзінің өлшеусіз үлесін қосып отырған команда деп айтуға болады.

Біз өзіміздің іргелі құндылықтарымызға берік болуымыз керек. Бәріміз және әрқайсымыз үшін қуатты мемлекет пен әділетті қоғам құру жолын табанды түрде жалғастыра отырып, елімізді азаттық пен тәуелсіздіктің мызғымас тірегіне айналдыра алатынымызға сенімдімін.

Ынтымағы бекем жұрттың болашағы баянды болады. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етеміз. Ел бірлігін нығайту және Отанымызды өркендету – қасиетті парыз.

Баршаңызға амандық, бақ-береке тілеймін!

Еліміз – бір! Халқымыз да бір болсын!



Ерлан ҚАРИН,  
Мемлекеттік кеңесші:

## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЫШАНДАРЫН АТАДЫ

– Қазақстан халқы Ассамблеясының бүгінгі сессиясы аталған форумның еліміздегі маңызды саяси оқиғалардың бірі екенін анық көрсетті. Мемлекет басшысы Ассамблеяда сөйлеген сөзінде мемлекеттік құрылыстың іргетасы этносаралық келісім мен бірлікке негізделетінін аңғартты. Этносаралық қатынас бағытындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді міндеттер қойылды.

Президент сөзінің негізгі түйіні мынадай тұжырымға саяды: жалпыұлттық бірегейлікті әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани құндылықтарды негізге ала отырып, табиғи әрі тарихи жолмен қалыптастыру және дамыту керек.

Президенттің айтуынша, «Біздің барша халқымыз өздерін үлкен және біртұтас қазақ ұлтының ажырамас бөлігі ретінде сезінеді», «ондағы әрбір этнос достықты, үйлесімділік пен келісімді нығайтуға баға жетпес үлес қосып отыр». Осы орайда, Мемлекет басшысы жалпыұлттық бірегейліктің нышандарын тағы бір мәрте атап өтті. Бірінші, азаматтық бірегейлігімізді танытатын көк төлқұжат. Бұл барлық азаматтың тең және мемлекеттің қорғауында екенін көрсетеді. Екіншісі, Қазақстанның тәуелсіздігін, оның ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мемлекеттілігін бейнелейтін аспан түстес көк байрақ.



Ерлан САИРОВ,  
Мәжіліс депутаты:

## ТІЛДІ БІЛУ НОРМА БОЛУЫ ТИІС

– Қазақстан халқы Ассамблеясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шет елде Қазақстан спортшылары өнер көрсеткенде, қандай ұлт өкілі болмасын - қазақ спортшысы деп атайды». Бұл өте дұрыс! Этносаясаттың бетбұрысы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ең басты символы – біздің паспорт! «Қазақстан паспорты – еліміздің азаматтарына құқық бере отырып, қазақстандық бірліктің символы!» деп атап өтті.

Қазақ тілін еркін білу барлық азаматтар үшін норма болуы керек. Мемлекеттік тілді меңгеру – патриотизмнің басты көрсеткіші! «Елімізде сепаратизм мен радикализмге жол жоқ! Мемлекеттік тілді барлық азаматтардың игеруі – басты міндет!». Қазақстанның бірлігі мен ынтымағы – барлық халықтардың жауапкершілігі. Плюрализм керек, радикализмге жол жоқ! Барлық саяси күштердің көзқарас әралуандылығын сақтай отырып, Қазақстан тәуелсіздігі құндылығы аясында біріге білуі маңызды. Әлемдегі барлық жанжалдар мен кикілжіңдер ұлттық менмендікпен басталады. Бүгінгі күрделі заманда мемлекет ішінде іріткі болмай, өзара бауырмалықты, ынтымақты арттыру өте маңызды.





## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНДЕРУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясына қатысты. Сессияда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, ел алдында тұрған ауқымды міндеттер үдесінен шығу үшін береке-бірліктің мән-мағынасына кеңінен тоқталды.



**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**  
академик, Президент  
жанындағы Ұлттық  
құрылтай мүшесі,  
Астана қалалық  
Қоғамдық кеңесінің  
мүшесі:

– Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстырғанда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алатындығын тілге тиек етті. Ешкімді ұлттың, тіліне, дініне қарап кемсітуге болмайтынын, әрі елімізде мұндай ұстанымға сай бөлектенуге жол берілмейтініне екпін түсіре баяндады.

Тілші-ғалым ретінде, маған Президентіміздің мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы айтқандары ерекше әсер етті. «Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді» деген Мемлекет басшысы, қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, әрі мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі екенін ерекше атап өтті. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керектігіне назар аударды.

Сонымен бірге, елімізде мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажеттігін қадап айтты. Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл міндетін атқаратынын астын сызып жеткізді.

Қасым-Жомарт Кемелұлының: «Жалпы, мемлекеттік тіл төңірегінде оң көзқарас ұстану қажет. Тіл мәселесіне қатысты барлық пікірталас этникалық емес, азаматтық және саяси сипатқа ие екенін түсіну маңызды» дегенін жалпы жұртшылық жылы қабылдады десем, артық айтпаған болар едім. Басты құндылығымыз – елдегі ықпалды ынтымақты, бекем бірлікті, тәтті татулықты ту етіп, Әділетті Қазақстан құруға аянбай аталысуы әрқайсымыздың азаматтық парымыз деп санаймын.

**Евгений БОЛЬГЕРТ,**  
Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сенатының депутаты, «Возрождение»  
қазақстандық немістер қауымдастығы»  
қоғамдық қоры қамқоршылық  
кеңесінің төрағасы:



## ТЕҢДІК ҚАҒИДАТЫН ҚАСТЕРЛЕЙІК

– Біздің елімізде 100-ден астам этнос пен 18 конфессия өмір сүреді. Әрбір этнос – біртұтас Қазақстан халқының құрамдас бөлігі. Ал даму мен топтасудың осындай берік іргетасын қалаған Қазақстан халқы Ассамблеясы болды.

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстан бүгінде халықтың 30 пайызға жуығын құрайтын 100-ден астам этнос өкілінің Отанына айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап ел басшылығы салмақты ұлттық саясат жүргізіп, оның басында ұлттаралық татулық пен келісім тұрды. Сондай-ақ ол барлық этнос үшін біртұтас азаматтық бірегейлікке негізделген ұлттық бірегейлік принципі құрды. Осы жылдар ішінде қазақстандық үлгі өзін табысты түрде орнықтырды.

Қазақстан адам құқығы, барлық этностың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқығы саласындағы теңдік қағидатын, сондай-ақ заңмен бекітілген кемсітушілікке жол бермеу қағидатын қамтамасыз ету саласындағы өз міндетін мұлткіз орындайды. Еліміздің келісімді нығайтудағы тәжірибесі, бейбітшілікте өмір сүруге қосқан үлесі үстіміздегі жылдың наурыз айында 140 Парламент өкілінің қатысуымен өткен парламентаралық одақ ассамблеясында жоғары бағаланды. Бүгінгі таңда әлемде көптеген тұрақсыздық орталығы бар, көптеген елдер босқындар легі мен этностардың қоғамға ыдырауына байланысты сынақтарға тап болуда. Әкінішке қарай, бұл мәселелерге әмбебап жауап табылған жоқ. Сондықтан аз ұлттарға қатысты саясат мәселесі – үнемі күн тәртібінде. Көпэтносты

қоғамда келісімнің әлеуметтік әлемін құрудың қазақстандық моделі бірегей және мұқият зерделеуге лайық.

2021 жылдан бері «Возрождение» қазақстандық немістер қауымдастығын қоғамдық қорының қамқоршылық кеңесін ерікті түрде басқарамын, соған қарамастан, бұл жұмыс мен үшін әрқашан басымдық болып қала береді.

Біз республикалық және облыстық деңгейде ұсынылған Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамындамыз және биыл Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық құрылтайдың бірінші құрамына кіру құрметіне ие болдым. Бұл салалардың барлығы өте маңызды, олар қазақ немістерінің терең интеграцияланғанын және біздің көпұлтты қоғамымыздың белсенді бөлігі екенін көрсетеді. Кейде қоғамдық жұмыстар барлық уақытымыздың 80 пайызын алады деп сеніммен айта аламын. Біріншіден, қамқоршылық кеңестің алдында өте маңызды міндеттер тұрғандықтан, олар толықтай кірісуі және қатысушы талап етеді: неміс тілін кеңінен насихаттау, оны оқу үшін республика мектептерінде сыныптар ашу, әлеуметтік қолдау, жастармен жұмыс.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы аясындағы этномәдени бірлестіктердің алдына тағы да көп нәрсені қойып отыр. Мұндай міндеттер үдесінен шығу қамқоршылық кеңестің, қордың атқарушы бюросының, өңірлік қоғамдардың бірлескен күш-жігері, алқалы және тығыз жұмысы арқылы ғана мүмкін болады.

**Хасан ШАРИПОВ,**  
кәсіпкер, «Дустлик» өзбек қауымдас-  
тығы төрағасының орынбасары:



## АССАМБЛЕЯ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҰЙЫТҚЫСЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мен міндетін көрсетіп берді. Расында да бұл – бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады. Баршаңыз осы маңызды миссияны абыроймен атқара бересіздер деп сенемін» деп баршамыздың жауапкершілік жүгіміздік қаншалықты екенін тағы да еске салды.

Өз басым Ассамблея құрылғалы 28 жылдың көлемінде барлық істердің басында жүруге тырыстым. Осы ұйым арқылы мейірімділік, қайырымдылық пен ізет-құрметтің жолын көрсетіп келемін.

Алғашында ескі жүйе ыдырап, үйренішкі тірлігімізден ажырап қалған кезде бірден аяқтан тұру оңайға түскен жоқ. Сол қызы кездері кәсіп бастап, айналада үйіріліп жүрген жастарды қанатымыз астына алып, қолдау білдірдім. Оларға кәсіптің қыр-сырын үйретіп, қамқорлығыма алдым. Қазіргі күні олар өз алдына үй болып, қатарынан қалмай, саналы азаматқа айналды.

Кәсібіміз дөңгеленіп, ел алдына шыға бастағандан қайырымдылық жасауды дәстүрге айналдырдық. Қарияларға, көпбалалы, әлеуметтік хал-ахуалы төмен отбасыларға, медициналық көмекке әру жандарға қолымнан келгеніне көмегіміз беріп тұрамын. Ыстық тамақ ұйымдастыру керек кезде де шет қалмаймын. Әр бейсенбі, жұма

күндері келісім бойынша дүкендерде қарияларға, көпбалалы отбасыларға тегін нан беріледі. Бір мың-екі мың нанға дейін барлық қалалар бойынша бөлінеді (Астана, Алматы, Тараз, Павлодар).

Науқас балаларға көмек беруді бірінші орынға қоямын. Одан соң үлкен бұқаралық іс-шараларда қарияларға қамқорлық жасаймыз. Жыл сайын «Мектепке жол» акциясының тұрақты қатысушысымын. Сексен-тоқсан балаға керек-жарағын алып береміз.

Мұны неге айтып отырмын? Мемлекет ісін бастаған адамға қай жағынан болсын көмек көрсетіп отыр. Қолыңнан келгенше мүмкіндігіңді пайдалан да, еңбектен, оның қызығын көр деп отыр. Ал енді осыдан неге жастарға арқа болып, іскерлікке баулымасқа? Біз көрген мемлекеттің қамқорлығын біз неге жастарға көрсетпеске? Варыңмен бөлісу қажет.

Ол туралы Президентіміздің өзі былайша қайырды. «Ассамблея волонтерлік және қайырымдылық шараларға ұйытқы болуда. Тілеуестік, жанашырлық, қамқорлық сияқты қасиеттерді дәріптеуде. Соның арқасында қоғамда әлеуметтік жауапкершілік идеясы орныға түсті. Ассамблея медиация институтын дамытуға үлес қосып келеді. Жастармен тығыз жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл – өте ауқымды және маңызды жұмыс. Бір сөзбен айтсақ, Ассамблея мүшелері – еліміздің болашағы жарқын болуы үшін еңбек етіп жүрген нағыз отаншыл азаматтар, нағыз патриоттар... Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Бәріміз – бүгінгі өмірі және болашағы бір бауырлас азаматтармыз». Бұл, әрине, әрқайсымыздың жүрегімізден шыққан лебіз деп ойлаймын.

**Шавкат ИСМАИЛОВ,**  
ҚХА кеңесінің мүшесі, «Астана қаласы Қырғыз этно-  
мәдени бірлестігі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

## ЕЛ БІРЛІГІНІҢ КЕПІЛІ



– Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Астанада ҚХА-ның 32-сессиясы бастау алғанының символдық мәні бар. Ол әдеттен тыс формада – көптеген мәселелерді секциялық талқылау түрінде өтті.

Быылғы сессия «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» ұранымен өтті. Шын мәнінде, Ассамблеяның бұл күн тәртібі біздің тұрақты негізіміз, күнделікті қызметімізде не істейтінімізді нақтылап берді. Президент өз сөзінде Ассамблея өзін шынайы демократиялық принциптер мен құндылықтарды бейнелейтін және іс жүзінде жүзеге асыратын маңызды қоғамдық-саяси институт ретінде көрсеткенін атап өтті.

Тұтастай алғанда, Ассамблея реформалар елдегі көптеген реформалар сүйенетін маңызды қоғамдық институттардың бірі болды және болып қала береді. Мен саяси жаңғыру туралы ғана айтып отырған жоқпын. Ассамблеяның қоғамдық саланы реформалау мәселелерінде, ұлттық бірлік пен қазақстандық азаматтық бірегейлікті нығайту міндеттерін шешудегі ролін бағалау мүмкін емес. Қазақстан халқы Ассамблеясының негізінде

жатқан дәстүрлі құндылықтарды сақтаудың маңызы зор. ҚХА қызметінің сабақтастығын, институционалдық жадын сақтау қажет. Тәжірибе мен прогрестің символы әрқашан тиімді.

Тарихқа көз жүгіртсек, ежелден қазақтар қоныстанған қазіргі Қазақстан аумағына көші-қон әсерінен, күштеп көшіру, жер аудару, тың иеру, жаңа өнеркәсіптік қалаларды салу кезінде түрлі этнос өкілі көптеп келді. Олар: орыстар, украиндар, Еділ бойы немістері, жер аударылған кавказдықтар. Осылардың көпшілігі үшін бұл жер екінші үйіне айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғалы 28 жыл ішінде этностардың қазақы болмысы мен азаматтығы негізінде, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде біріктіруші ролін мойындау арқылы, этносаралық қарым-қатынасты саясаттандырмай, этностарының тілдерін, дәстүрлерін, мәдениеттерін дамытуға жағдай жасалды.

Қазіргі уақытта ҚХА өз жұмысында жаңа басымдықтарға назар аударады: қазақ халқының көпмәдениетті қазақ қоғамының «азаматтық өзегі» ретіндегі топтастырушы ролі, сондай-ақ интеграция процесіндегі оның елдегі этносаралық процестердің

жай-күйі үшін жауапкершілігі басты мәнге ие.

Осыған байланысты ҚХА құрамына қазақ жұртшылығы мен қандастар өкілдері енгізілді.

Экономикалық және қаржылық дағдарыстардың дауылына қарамастан, ел тұрақты дамуды жалғастыруда. Қазақстан әлемдік аренада тек достас әріптес ел ретінде ғана емес, сонымен қатар, жаһандық ынтымақтастық мәселелерін шешу орталығы ретінде де дәріптеледі. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, саммиттерін, ЭКСПО халықаралық көрмесін өткізу осының аясында өтті.

ҚХА этностардың құқықтарын жүзеге асырумен қатар, бүгінгі таңда ол – саяси және қоғамдық өмірдегі, экономикадағы реформаларға атсалысатын институттардың бірі. ҚХА өкілдері халықаралық ынтымақтастық аясында Қазақстанға инвесторлар тартуды қамтамасыз етуде. Оның жарқын мысалы ретінде Оңтүстік Корея, Германия және басқа да көптеген елдермен қарым-қатынасты келтіруге болады. Ассамблея қашанда бүгіннің талабына, әлемде болып жатқан жаһандану сын-қатерлері мен үдерістеріне сай жұмыс істейді.





Салман ГЕРОЕВ,  
«Вайнах» шешен-ингуш  
қоғамдық қорының құрметті  
төрағасы:

## ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЕШҚАШАН ҰМЫТПАЙМЫЗ!

– Бірнеше жыл бұрын мені Ингушетияда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға шақырды, онда мен ингуштардың Қазақстандағы өмірі жайлы, ауыр күндерде жаңа өмірге қалай бейімделгені туралы баяндама жасадым. Ал баяндаманың соңында былай дедім: «Уа, Сарыарқаның Ұлы даласы, сталиндік қуғын-сүргіннің сұрапыл жылдарында бізден бас тартпай, бізге достық пен құтқару қолын созғанына мың алғысымызды айтамыз! Біз қазақ халқының ұл-қыздарының жақсылығын ешқашан ұмытпаймыз, болашақ ұрпақтарымызға халықтарымыз арасындағы достық туын биік ұстауын аманаттаймыз!»

Бүкіл зал орнынан тұрып, бірнеше минут қол соқты. Одан кейін сөз алған барлық баяндамашылар менің осы сөздеріммен баяндамаларым бастады. Вайнах халқының дәстүрінде бізге жасаған жақсылықты ешқашан ұмытпайды. Міне, бүгін мен тағы да біздің халқымыздың атынан осы қиын уақытта аман қалуымызға көмектескен Қазақстан Республикасының барлық халықтарына алғыс айтқым келеді. Қазақстан біз үшін екінші үйге айналды. Мен барша қазақстандықтарды байырғы халық пен мемлекетіміздің барлық этностары арасындағы қолдауды да, өзара түсіністікті де атап өтетін осынау адамгершілік, бейбітшілік сүйіс мерекемен құттықтағым келеді.



Равиль ВАЛЕЕВ,  
Астанадағы «Таң»  
татар-башқұрт мәдени  
орталығының басшысы:

## «ТАҢ» ТАБЫСТЫРАДЫ

– 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл күн – барлық ұлт өкілдерінің достығы мен келісімінің мерекесі. Еліміздің барлық жетістіктері бейбітшілік пен келісімнің арқасында қол жеткізілді. Бірлік пен ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен тұрақтылықтың бейнесіне айналу – Қазақстанның әрбір азаматының басты міндеті. Халықтың бірлігі – толеранттылық пен мәдениетаралық диалогқа негізделген күшті және гүлденген мемлекеттің көрсеткіші. Жыл сайын 1 мамырда республика бойынша мерекелік концерт, спорттық жарыстар өтеді. Бүгінде осы күн барлық қазақстандықтарды біріктіретін жақсы дәстүрге айналды. Өйткені оның мәні – халық достығының, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың, жүздеген мәдениеттердің бірігуінің маңызды құндылықтарын тағы бір рет еске түсіріміз. Этностарлық толеранттылық пен қоғамдық келісімді сақтау басты жетістіктердің бірі болды. Ұлттық бірлікті нығайту еліміздің және халқымыздың табысты болашағының кепілі болып қала береді.

Астаналық «Таң» татар-башқұрт мәдени орталығы Қазақстан астанасында тұратын он мыңдаған татарлар мен башқұрттардың салт-дәстүрі мен құндылықтарын біріктіреді. Негізгі дәстүр – аға буынға деген үлкен құрмет. Ақсақалдар кеңесі басқару мәселелерін талқылауға қатысады, қоғам өмірінің түрлі салаларындағы бірқатар ірі жобалардың бастамашысы болып табылады. Орталықта халықтар тарихын, ұрпақтар сабақтастығын сақтау үшін жексенбілік мектеп бар. Сәндік-көркем шығармашылық және қолданбалы өнер бойынша сабақтар өткізіледі. Ай сайын қайырымдылық акцияларын өткіземіз. Осы мереке күні барша қазақстандықтар мен ұлт өкілдеріне зор денсаулық, мол табыс және бақыт тілеймін!

# БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ ҰЯСЫ

Елордадағы Достық үйі – Қазақстан халқы Ассамблеясының айнасы. Қазақстанның барлық этностарын біріктіретін ортақ үй елорданың ең кең даңғылдарының бірі – Бауыржан Момышұлының бойында орналасқан. Астананың «Жерұйық» саябағына қарама-қарсы «сәукеле» іспеттес, ерекше көзартарлық сәулеті жарасқан үш қабатты ғимарат 4 мың шаршы метр кең аумақты алып жатыр. Ынтымақ пен бірліктің ұясы саналатын мекеме жұмысымен танысу үшін біз Достық үйіне арнайы бардық.

Индира  
БЕРЖАНОВА

Бас қаланың 20 жылдығына орай Достық үйін Маңғыстау облысы сыйға тартқан еді. 2018 жылдың шілде айынан өз жұмысын бастаған Достық үйінде бүгінде 23 этномәдени бірлестік, 11 жастар қанаты, ғылыми-сараптамалық топ, ақсақалдар кеңесі, аналар кеңесі, «Ассамблея жастары» ұйымының қалалық штабы, «Жыр орталығы», «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылығы орталығы, «Мәміле» қазақ тілі клубы топтастырылған. Сондай-ақ мұнда 56 шығармашылық ұжым белсенді қызмет етеді. 2019 жылы олардың бесеуі – «Чен рю» корей хоры, «Раздолье» орыс ансамблі, Н.Литовко атындағы украин хоры, «Вайнах» шешен-ингуш ансамблі, «Дуслық» татар-башқұрт ансамблі «Халықтық» атағын алды.

Ғимаратқа кірген бойда «Аналар аманаты» көрме-залына беттедік. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін залда қойылған қос ішекті домбыра, торсық, дорба, масатыдан құрақталған көрпелер әр келушінің көз жауын алары сөзсіз. Бұл залдың сыртқы келбеті киіз үйге ұқсауының өзінде де мән бар. Себебі екінші қабатта өзге диаспоралардың кабинеті орналасып, осылайша ұлт өкілдерінің бәрі бір шаңырақ астында – Достық үйінде бас қосқан. Әсем сарайдың тірі табиғат бұрышындағы жайыла өскен өсімдіктер, бір қарағанда, ғажайып ертегі сарайын елестетеді. Бірінші қабатта сондай-ақ мәжіліс залы, би залы, студия, кітапхана, медиация кабинеті орналасса, екінші қабатында конференция залы мен этномәдени бірлестіктерге арналған кабинеттер бар. Конференция залы көпшілік арасында жақсы танылған, себебі мұнда күн сайын түрлі тақырыптағы дөңгелек



үстелдер тұрақты түрде өткізіледі. Ал әрбір этномәдени бірлестіктің кабинетінде әр халыққа тән өзіндік рух сезіледі. Қойылған жиһаз бен заттардың безендірілуі арқылы белгілі этностың тарихы, мәдениеті мен дәстүрі сыр шертіп тұр. Мәселен, біз корей этномәдени бірлестігіне бас соғып, корейлер мәдениетін шолып шыққандай болдық. Бізді мұнда этномәдени бірлестіктің оқытушысы Светлана Тен жылы қабақ танытып, құшақ жая қарсы алды. Сөзінше, Достық үйі – кез келген уақытта келуге есігі айқара ашық мекеме.

– Келушілер мұнда тек сабақ өткізіп қана қоймай, жай сырласуға, пікір алмасуға, өзге ұлттық мәдениетімен танысуға келеді. Музыка, ұлттық би және корей тілі бойынша сабақтар өткізіледі. Қазірде 60 жасқа дейінгі қатысушылар топтарға бөлініп, корей ұлттық биін үйреніп жүр. Олардың арасында ең кішісі – 5 жаста, – деді С.Тен.

Елордадағы Ассамблея орталығы түрлі қалалық құрылымдармен тығыз байланыс орнатып, қоғамдық келісімді сақтау жөнінде өзара қарым-қатынас орнатқан. Аймақтардағы құрылымдар үшін үлгілік стандарт болатын Даму бағдарламасын да бекітті. Оның бөлімдерінің бірі – астаналық ҚХА-

ның негізгі ресурсына айналған Достық үйінің қызметіне арналады. Достық үйінде дөңгелек үстелдер мен концерттік бағдарламалардан басқа әлеуметтік қолдау, жастарға патриоттық тәрбие беру, этностардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға бағытталған іс-шаралар



тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Аналар кеңесінде тегін қызмет көрсететін түрлі клубтар жұмыс істейді. Олардың қатарында «Қазақ салт-дәстүрінің қолөнері» клубы, «Fitness Gold» клубы, әлем мешіттерін тігу клубы, тоғызқұмалақ ойынына үйрету клубы, ат спорты клубы бар. Ғимараттың екінші қабатында АНК-Live тікелей эфир студиясы орналасып, дәл осы жерде онлайн-брифингтер өткізіледі. Студия толығымен жаңашыл техникамен жабдықталған.

Достық үйінің жұмысымен толығырақ Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» ҚММ басшысы Әділхайыр Мырзаханов таныстырды.

– Елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетін дамыту мақсатында Достық үйі құрылып, қазірде ресурстық және ақпараттық-әдістемелік орталыққа айналды. Достық үйінде татуласу, бейбітшілік пен келісімді насихаттайтын әртүрлі іс-шаралар жүзеге

асырылады. Жыл басынан бері 50-ге жуық халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі түрлі бағыттағы іс-шаралар өтті. Олардың ішіндегі атаулыларын айтсақ, славян халқының «Масленица» мерекесі, шығыс халқының Наурыз мерекесі, Алғыс айту күні секілді маңызды мейрамдар елеусіз қалмай, думандатып тойланды, – деді ол.

Мекеме басшысының айтуынша, елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі қызмет бағыттарының бірі әрі маңыздысы – қайырымдылық көрсету. 2021-2022 жылы жалпы сомасы 70 миллион теңге көлемінде қайырымдылыққа бағытталған іс-шаралар өтті. «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы қызметін негізінде Қостанай өңірінде болған табиғи апат салдарынан зардап шеккендерге 40 тонна гуманитарлық көмек жіберілді.

Қазақстанның дамуына, өз ортасында азаматтарымыздың әлауқатының жақсаруына үлес қосып, еңбегімен танылған көшбасшылар, қоғамда лайықты беделге ие болған отандастарымыз да мұнда қызмет етеді. Олардың басым бөлігі – ынтагерлер, одан бөлек, өзінің негізгі жұмысымен қатар қоғамдық негізде этномәдени бірлестіктерді басқарып, өз армандарын жүзеге асыратын белсенді азаматтық көзқарастағы





### ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі – еліміздегі халықтардың ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы.

Бұл күн – көпұлтты мемлекетімізді мекендейтін халықтар достығының, бірлігінің және бейбітшіліктің символы. Әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалтықұлттық келісімнің мерекесі.

Баршаларыңызға, әр отбасына, әр қазақстандыққа шынайы көңілмен бақыт-береке тілеймін. Қазақстан халқы өркен жайып, мемлекетіміз молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін!

Ерлан КАНАЛИМОВ,  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

### ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Қаламыздың барша тұрғындарын 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен елорда ардагерлері атынан шын жүректен құттықтаймын!

Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Туған Отанымыз – Қазақстанды гүлдендіріп, тұрақтылық пен бейбітшілік мекеніне айналдыру үшін баршаңызға зор денсаулық, таусылмас күш-қуат, мол бақыт, еңбегіңізге жеміс, шаңырағыңызға шаттық, құт-береке тілейміз! Бір шаңырақ астындағы халқымыздың ынтымағы нығая түсіп, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, достық және бірлік мәңгі жасай берсін!

Сансызбай ЕСЛОВ,  
қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы



## ҚАЗАҚ ШАҢЫРАҒЫНЫҢ АСТЫНДА

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні аясында «Бір шаңырақ астында» атты киіз үй құру акциясы өтті. Іс-шара Қазақстан халқының бірлігін, үйлесімді этносаралық қатынасты, туған ел, Отанды бейнелейтін қазақтың қасиетті символына құрмет көрсету мақсатында өткізілді.

Акция ортақ шаңырақ астында ұлттың бірлігін, Отан игілігі үшін қазақстандықтардың бірлескен еңбегін, әр адамның елдің дамуына қосқан

үлесі мен атсалысуын білдіреді. Салтанатты іс-шараға ҚР Парламентінің депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, ҚХА

мүшелері, республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің төрағалары, ғылыми, шығармашылық зиялы қауым мен БАҚ өкілдері қатысты.

## БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР

«Астана су арнасы» мекемесінің тәжірибелі токарі Владимир Малыйдың осы салада еңбек етіп келе жатқанына 47 жылдан асқан. Жалпы оның көзін ашқалы көргені темірден түйін түйген әкесінің жұмысы еді. Әке жолын қуған ол еңбек өтілінің 29 жылын елорданы сумен қамтамасыз ететін мекемедегі қазіргі жұмысында өткізіп келеді. Оның айтуынша, туған Отаны – Қазақстандағы өзара татулық пен достықтың берік сақталуы – еліміздің басты артықшылығы. Жалпы мұнда еңбек етем деген жанға жақсы өмір сүруге барлық жағдай жасалған деп санайды.

Райхан  
РАХМЕТОВА



Бүгінде зейнет жасынан өтіп кетсе де, сүйікті жұмысын жалғастырып келе жатқан ол «Астана су арнасы» мекемесі көліктерінің бұзылған бөлшектерін жөндеумен айналысады. Қаладағы сумен қатысты мәселенің бәрине жауапты мекемеде көліктің сан түрі бар. Тіпті 20 шақты көлік түрі кезекті тапсырмаларды орындауға күн сайын мекеме ауласынан жұмысқа аттанып жатады. Ішінде су соратын, құм, адам таситын, жер қазатын және басқа да көлік түрлері жеткілікті. Солардың бірінің болмаса бірінің қозғалтқышы, бөлшектері істен шығып қалған жағдайда, оларды жөндеуге мекеменің екі токарінің бірі – Владимирдің шеберханасына әкелінеді. Жалпы ол күніне 2-3 тапсырыспен көлік бөлшектерін жөндейді. Сөйтіп таңнан кешке дейін тынымсыз тірлігі жалғаса береді. Себебі мекеменің бүкіл жұмысы техникаға негізделген. Егер көлік бұзылса, бар жұмыс тоқтайды. Сондықтан 6-разрядты токарь ақау шыққан техниканы өз уақытында жөндеп, жұмысқа сақалдай сай қоюға барын салады.

– Істен шыққанды тез арада қайта қалыпқа келтіруге тырысамын. Көліктің бұзылуы қаланың басты «қан тамырын» қозғалысқа түсіріп отырған мекеме жұмысына кедергі келтіреді. Бізге жұмысты мүлдем тоқтауға болмайды. Техника жөндеу, мотор жинау, темірден түйін тую – бұл жүрек қалауымен істелетін жұмыс. Таңертеңнен кешке дейін майға қол салып, темір-терсектің арасында жүру біреуге қиын әрі ұнамсыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ жұмыстың жаманы жоқ. Тек жөнін білсең болды, – дейді кейіпкеріміз.

Владимир Анатолиевичтің атасы мен әжесі Қазақстанға Ресейден Ұлы Отан соғысы басталған жылы бала-шағасымен көшіп келген. Ол кезде әкесі 14

жаста екен. Сол бір қиын заманда олар қазақ жерінен пана тапқан.

– Әкем мен анам Қазақстанда бас қосып, отау құрды. Анам – украин ұлтының қызы. Мен және бауырларым осында тудық. 10-сыныпта жүргенде осы қалада әкемнің қасына насос зауытына шәкірт ретінде жұмысқа тұрдым. Жарты жыл оқып, үйреніп жүріп, токарь кәсібін меңгеріп шықтым. Ол жерде 7 жыл істеп, мемлекеттен үй алдық. Кейін қазіргі мекемеге келдім. Содан бері басқа салаға ауысқан емеспін. Бүгінде үбірлі-шүбірлі болып, балаларымнан 4 ұл немере сүйіп отырған жайым бар, – дейді В.Малый.

Адал еңбегі үшін талай рет алғыс хат және құрмет грамотасымен марапат-

талған. Кейіпкеріміз кез келген адам токарь бола алмайтынын айтады. Бұл сөзуді жақсы біліп, математикадан хабары бар адамның қолынан келетін іс дейді. Өзі осы жағынан қабілетті болғанын жеткізді. Әрі қаладағы өзі оқыған №8 мектепте еңбек сабағында соғыс кезінен бері тұрған ескі станокпен жұмыс істеп, токарь жұмысына қолын үйреткен. Елорданың байырғы тұрғыны бұрынғы және қазіргі қаланың айырмашылығы жер мен көктей екенін айтады.

– Біз өскен қала кішкентай ғана еді, ал қазір бір сол жағалаудың өзі сол кездегі бір қаланың көлеміне татиды. Туған шаһарымыз өркендеп, дамып, астана болды, қазір тіпті адам танымастай өзгерді. Жаңа алаңдар мен біз армандамаған, тіпті түсімізге де кірмеген заманауи эәулім ғимараттар пайда болды. Қала халқы өскен сайын біздің жұмысымыз да екі еселенді, соған сай штат саны да, мекеме ауқымы да ұлғая түсті. Жұмыс жүктемесіне қарай көлік саны да артты. Бәрі де жақсарады. Бастысы елімізде тыныштық болып, бейбітшілік сақталса екен. Өзара татулық пен бірлікте өмір сүрсек, тұрмысымыз да түзу боларына сенемін, – дейді кейіпкеріміз.

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің маңындағы Ұстаздар аллеясында астаналық білім беру ұйымдарының білікті ұстаздары мен өнерпаз білім алушылардың жұмысына арналған көрме өтті. Оған 350-ден аса қатысушы қызығушылық танытты.

## ӨНЕРПАЗДАР КӨРМЕСІ

Индира  
БЕРЖАНОВА

Іс-шара Астана қаласы Әдістемелік орталығының бастамасымен ұйымдастырылды. Аталған орталықтың қызметіне елордалық білім беру ұйымдарын әдістемелік сүйемелеу, сондай-ақ педагог кадрлардың кәсібилігін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау кіреді.

Қатысушылар «Монтессори for everyone» шеберлік сыныбын, «Оқуға құштар мектеп» кітаптар мен «Өнерлі қол – бақытқа жол» шығармашылық және сәндік-қолданбалы өнер көрмелерін ұйымдастырды. Сондай-ақ, «Мен оқыған кітап...» READx жобасы аясында ашық алаң өткізілді. «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында Qtalks «Бірлігіміз жарасқан» лекциялық алаңы өтіп, оған қала мектептерінің ұстаздары спикер ретінде қатысты.

Ұстаздар аллеясында елордалық

ұстаздар, оқушылар мен студенттердің жұмыстары көпшілікке таныстырылып, олардың жұмысына арналған көрме ұйымдастырылды. Аталмыш көрменің тақырыбы ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталды.

Көрмеге қатысқан №1 өнер мектебі көркемсурет бөлімінің оқытушысы Дәурен Бейсенбаев оқушыларының жұмысын таныстыра отырып, олардың шығармашылығы туралы айтып берді.

«Көрмеге біздің мектептің 11 баласы қатысып, өз жұмысын ұсынды. Мұндай іс-шаралар балаларға өзінің шеберлігін паш етуге, озық идеяларымен бөлісуге мүмкіндік береді. Өнер мектебіне 11-12 жас аралығындағы балалар қабылданады. Кейін түлектердің шамамен 80-90 пайызы колледждер мен университеттерге сурет не дизайн мамандығына түседі» деді Дәурен Бейсенбаев.





№50-51 (4484) 29/04/2023 Сенбі

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ

2 мамыр күні Президент Сыртқы сауда, экономикалық тартымдылық және шетелдегі француз азаматтарының істері жөніндегі министр-делегат, Қазақстан-Франция Үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Оливье Бештти қабылдайды. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр қараша айында Францияға ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге

асыру мәселелері талқыланады деп жоспарланып отыр. 3 мамырда Мемлекет басшысы ФИФА президенті Джанни Инфантиноны қабылдайды.

3-4 мамырда Астанаға Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон мемлекеттік сапармен келеді. Екі ел басшылары шағын және кеңейтілген құрамда өтетін келіссөздер барысында Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы

стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту перспективаларын талқылайды.

5 мамырда Президент – Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Бүкілармиялық кеңес өтеді. Жиын барысында әскери саланы дамытуға және әскер дайындығына, сондай-ақ Қазақстан армиясын технологиялық тұрғыда жаңғыртуға қатысты мәселелер қарастырылады.



## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Бұл туралы қала басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездестім. «Ашық микрофон» форматында елорданың дамуы, нақтырақ айтқанда, қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және елорда тұрғындарының әл-ауқатын одан әрі арттыру

мәселелерін талқылады. Сол сияқты инфрақұрылымды дамыту, халықты әлеуметтік қорғау, экология, әлеуметтік нысандар құрылысы және тағы басқа нақты мәселелер талқыланды. Жүзеге асып жатқан жобалардың мониторингін

азаматтық қоғам өкілдерін белсене қатысуға, өз идеялары мен ұсыныстарын айтуға, сондай-ақ бізбен бірге олардың орындалу сапасын бақылауға шақырдым. Мұндай кездесулерді үнемі өткізіп тұрамыз» деді Ж.Қасымбек.



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Елордаға инвестиция тарту – қала экономикасын дамытудың маңызды факторы. Осы орайда Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев Сингапур делегациясы өкілдерімен кездесті.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, инновациялар мен интернационалдандыруды қолдау мақсатында құрылған Сингапур делегациясымен

басқосуда елорда мен Сингапур арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары айқындалды. Екі ел арасындағы ынтымақтастық қала экономи-

касының дамуына қосымша серпін бола алады, сондай-ақ, оның әлемдік экономикалық қауымдастықта мәртебесін нығайтуға көмектеседі.

## КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Күн жылынғалы бері елордада көктемгі «Жасыл Астана» экологиялық тазалық айлығы жалғасып жатыр. Қазіргі таңда қаланың барлық ауданында 3,5 мыңнан астам ағаш пен бұта отырғызылды. Бұл ретте жапырақты ағаш түрлеріне басымдық берілуде.

Бүгінге дейін экологиялық айлыққа 15 мыңға жуық адам, 400-ден астам кәсіпорын мен ұйым, ПИК және МИБ ұжымдары, шағын және орта бизнес субъектілері және т. б. қатысып, жалпы ауданы 4 млн шаршы метр болатын саябақтар мен скверлерді жинау жүргізілді. Еңбек ұжымдарының, қала тұрғындарының, шағын және орта бизнес өкілдерінің көмегімен полигонға 800 тоннадан астам қалдық шығарылды.

Елорда саябақтарында, гүлзарларында және басқа да ашық алаңдарда ағаштар мен бұталарды санитарлық

кесу, әктеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, коммуналдық қызметтер қаланың субұрқақ кешендерін іске қосуға дайындауда.

Экологиялық тазалық айлығы 6 мамырға дейін жалғасады. Осы мерзімге дейін барлық бес ауданның тұрғындары аулаларды, саябақтарды, скверлерді, қоғамдық кеңістіктерді, орман белдеулерін және жағалау аймақтарын тазалау акцияларына қатысады. Айлық аяқталғанша Астанада әлі бірнеше сенбілік жоспарланып отыр. Мәселен, бүгін, 29 сәуірде, елордада жалпықала-

лық тазалық акциясы өтеді, оның барысында ұйымдар мен кәсіпорындардың ұжымдары өз аумағында ағаш отырғызып, қоқыс жинайды, сондай-ақ, су айдындарының маңы тазартылады. Мамандардың мәлімдеуінше, игі іс-шара аясында тағы 3 мыңнан астам ағаш пен бұта отырғызу жоспарлануда.

Жалпы биыл қалада басаяғы миллион жасыл желек отырғызу көзделіп отыр. Сондай-ақ кәсіпорындардың аумақтарына, сауда, мәдениет және спорт объектілерінің маңы көгалдандыруға ерекше назар аударылады.

## ЖАҢА БАСҚАРУ МОДЕЛІ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ?

Мемлекеттік басқару жүйесінің өзекті мәселелерін талқылап, практикалық ұсыныстарды әзірлеуді негіз еткен «Ашық үкімет және жаңа басқару мәдениеті: есту, түсіну, әрекет ету» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция отандық және шетелдік сарапшылардың басын қосты.

### Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевтың модераторлығымен өткен ғылыми іс-шараға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты үйлестірушісі Фриберг-Стори Микаэла, бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов қатысты.

Конференцияның пленарлық отырысында алғашқы сөйлеген Мәулен Әшімбаев елде жүргізіліп жатқан саяси реформалар мемлекеттік басқару жүйесін

жаңғыртып, сервистік мемлекет аппаратын және жаңа саяси мәдениетті қалыптастыратынын атады.

– Мемлекеттің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз етуде азаматтық қоғам мен тәуелсіз журналистердің белсенділігі маңызды рөл атқарады. Көп жағдайда мемлекеттік қызметкерлер жауапкершілікті өз мойнына алып, шұғыл шешім шығаруда жоғары жаққа қарап отырады. Бұл ұстаным дұрыс емес. Тағы бір ескеретін жайт, мемлекеттік орталық аппаратта басшылық қызмет ететіндердің 18 пайызы ғана өңірлік деңгейде тәжірибесі бар. Сондықтан орталықтан өңірлерге және өңірлер арасында бағытталған ротация жүргізуді қолдаймыз, – деді Сенат төрағасы.

«Ашық үкіметті» енгізудің халықаралық және ұлттық тәжірибелері, «Цифрлық мемлекет»

үлгісін қалыптастырудың негізгі аспектілері, мемлекеттік басқаруды бюрократиядан арылту мәселелері туралы ойымен Тимур Сүлейменов бөлісіп, мемлекеттік қызмет саласын дамытуда ашық талқылауға дайын екенін жеткізді.

Пленарлық отырыста спикерлер өз ұсынысын ортаға салып, ойының маңызын түсіндірді. Мәселен, Рае Квон Чунг «жасыл энергияны» дамыту, эко-қалалар құрудың экономикалық перспективаларын қозғады.

Конференция АҚШ, Германия, Польша, Болгария, Орта Азия елдерінен келген сарапшылардың қатысуымен секциялық отырыстармен жалғасты. Халық үніне құлақ асатын мемлекетті қалыптастырудың концептуалды негіздері, мемлекеттік басқару жүйесін бюрократиядан арылту және тағы басқа тақырыптарда дискуссия орын алды.

## ЖЕДЕЛ КӨМЕК БӨЛІМШЕСІ АШЫЛДЫ

Елордадағы №6 емханада жедел медициналық көмек бөлімшесі ашылды. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты хабарлады. Биыл 10 қаңтардан бастап қанатқақты жоба ретінде қалалық №4, 5, 10 емханада жедел медициналық көмек бөлімшесі іске қосылған еді. Ондағы негізгі мақсат – стационардағы дәрігерлер жүктемесін азайту және шұғыл алғашқы көмек қолжетімділігін арттыру.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов №6 қалалық емханада ашылған бөлімшеге барды. Құзырлы мекеме басшысы ашылған бөлімшелердің 3 ай ішіндегі жұмыс нәтижесі көңіл қуантарлық екенін жеткізді. Стационарлардың қабылдау бөліміне келіп түскен өтініш саны едәуір азайып, жүктеме жеңілдеген.

«Қазір №2 қалалық балалар ауруханасына күн сайын 300-350-дей науқас келеді. Бәріңізге

мәлім, бұл көрсеткіш көктем-жаз айларында ұлғаяды. Бұл жарақат алуудың, әсіресе балалар арасындағы көше жарақаттарының маусымды десек те болады. Жедел медициналық көмек бөлімшесінің басымдылығы – тұрғындарға алғашқы көмекті қолжетімді және қолайлы ету» деді ол.

Сондай-ақ Тимур Мұратов №2 қалалық көпбейінді аурухананың акушерлік және негізгі блогы арасында жобаланып жатқан қабылдау-диагностикалық кешен базасында балалар

травматологиялық пунктін ашу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, әкімдік тарапынан денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұған елорданың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер бойынша рейтингте көш бастап тұрғаны дәлел. Тұрғындар үшін сапалы медициналық қызмет дейгейін арттыру бағытында жұмыс әрі қарай жалғасады.





– Ұлт спортының кешегісі мен бүгінгісі сөз еткенде Олимпиада ойындарындағы көрсеткішті есепке алып, баға береміз. Лондон, Рио-де-Жанейро және Токиода өткен төртжылдықтың басты бәсекесіндегі Қазақстан спортына қандай баға бересіз? Сұрақты осыдан бастасақ.

– Олимпиада ойындарына қай спорт түрінен кімдер қатысты, олардың жетістігі қандай дегенді саралайтын болсақ, бұл көлемді монографияға арқау болатыны сөзсіз. Бір ғана деректі келтірейін, Рио-де-Жанейро Олимпиада ойынында ел құрамасы 30-орыннан көрінсе, Токио бәсекесінде 83-орынға құлдырады. Бұл – ұлт спортының сапалық деңгейі төмендегенін көрсетеді.

– Спорт сарапшысы ретінде мұның себеп-салдары неде екенін айта аласыз ба?

– Әрине, ұлт спортының бәсекеге қабілетті болғанын қалаймыз. Әрі осы бағытта ізденіп келеміз. Белгілі бір дәрежеде жетістіктер де аз емес.

Токиодағы сәтсіздіктің себебін тереңнен іздеп, жан-жақты талдау керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары спорт пен ғылым ажырады. Спорт саласында ғылым кенжелеп, соның салдарынан сапа деңгейіне әсер етті. Кеңес кезінде Алматыдағы дене шынықтыру институтында ғылыми орта болатын. Бұл орны ғылыми-зерттеу орталығының қызметін атқарды, екінші жағынан, білікті бапкерлер мен мықты спортшылар дайындалды. Керек десеңіз, институт Одақтағы салалық ең үздік бес оқу орнының қатарында болды. Онда Мәскеуден келген небір мықты мамандар қызмет етті. Әсіресе сол кездегі дене тәрбиесі және спорт физиологиясы ғылымының басында тұрған Николай Бернштейннің келуін ерекше атау едім. Одан бөлек, отандық мамандар Қабден Байдосов, Қазбек Байболов, Петр Матушак және тағы басқасы отандық спорттың дамуына үлес қосты. Осы дәстүрлі мектепті жалғастыра алмай, ғылыми негізін жоғалтып алдық. Соның салдарынан кейінгі жылдары ұлт спорты құлдырай бастады.

Қазір он бапкердің сегізі қолына қалам ұстап, жеке жоспар құрып, әр спортшының мүмкіндігін зерделей бермейді. Керек десеңіз, он бапкердің тоғызы жоспарсыз жұмыс істейтін жағдайға жеттік. Қысқасы, жүйесіздікке көштік.

Рио-де-Жанейро Олимпиадасында 3 алтын медаль алдық деп мақтанып жатырмыз ғой. Мұның өзі мемлекет деңгейінде жан-жақты жоспарланған жүйелі жұмыстың жемісі емес, бұл – жекелеген бапкерлер еңбегінің нәтижесі.

– Мемлекет бапкерлерге жалақысын уақытығы беріп, оқу-жаттығу жиындарына қаржы қарап, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуына мүмкіндік беріп отыр. Бұдан артық қандай қолдау керек?



# ҒЫЛЫМСЫЗ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІЗ СПОРТ ТҰРАЛАЙ БЕРЕДІ

Қыдырбек РЫСБЕКТИ жұртшылық белгілі қаламгер, спорт тарихшысы ретінде жақсы біледі әрі құрметтейді. Оның «Қазақтың 90 бапкері», «Дәулет», «Бекзат», «Сұрмерген», «Құзға біткен қарағай», «Саңлақ», «Қазақ балуандары», «Қазақ боксшылары» кітаптары – сұранысқа ие, оқылымды дүниелер. Біз спорт сарапшысымен ұлт спортының перспективалары мен проблемалары турасында әңгіме тарқаттық.

– Дұрыс айтасыз, мемлекет бұқаралық спорттың дамуына мән беріп, жан-жақты жағдай жасауда. Яғни, қалалардан бөлек, елді мекендерде спорт кешендерін салып, тұрақты оқу-жаттығу жиынын өткізіп, байрақты бәсекелерге қатысуға мүмкіндік беруде. Бұл қамқорлықты жоққа шығара алмаймыз. Алайда ғылымға негізделген жүйелі, жоспарлы жұмысты көрмей отырмыз. Бұл екеуі – екі бөлек нәрсе.

Мәселен, Елдос Сметов – дзюдо спортынан қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы.

Қазақстандағы дзюдо академиясында заманауи аппараттар қаншалықты қолжетімді, ғылыми кітапханасы бар ма, дзюдошылардың күресін талдайтын видео-орталығы бар ма, әрбір әдіс-тәсілдің тиімділігін, қарсы әдіс қолданудың мән-маңызын түсіндіретін мамандар бар ма? Міне, осындай мүмкіндіктерді саралау арқылы Елдос Сметовтің жетістігі жеке бапкері Ғалымжан Жылгелдиевтің еңбегі мен ізденісінің нәтижесі екенін түсінесіз.



Қазір аймақтық спорт басқармалары 100-ден астам спорт түрін дамытуға жауапты. Англия секілді Олимпиадаға кіретін 10-12 спорт түрін белгілеп, дамыту маңызды. Қалған спорт түрлерін шетелдердің тәжірибесіне сүйеніп, спорт клубтары мен федерациялар есебінен жүргізу керек

Токио Олимпиадасында Елдос жартылай финалда жапондық Наохиса Такагодан ұтылды. Такагоның артында Кодокан дзюдо академиясы тұр. Онда тік тұрғандағы және партердегі әдістерді жеке-жеке талдап, қандай жағдайда, қалай орындау керектігін жіліктеп түсіндіретін және қарсыластың әдісіне қарсы әдісті қолданудың сан тарау жолы ғылыми тұрғыда зерттеледі. Сосын күншығыс елінде әрбір спортшының физикалық формасын тексеретін заманауи аппараттар бар. Сол арқылы спортшыға керекті витаминдерді анықтап, физикалық жүйкеменің нормасын бақылап, салмақ азайтуына дейін назардан тыс қалдырмайды. Оларда спортшыны 20-25 минут белдесуге дайындайтын ғылыми жүйе бар. Көріңіз бе, Жапонияда спортты дамыту ғылымға негізделген. Ал Елдостың артында бапкерлерінің жеке ізденісі ғана тұрды. Сондықтан Сметовтің жеңілгеніне ренжудің өзі артық деп білемін.

– Ұлт спортына алға сүйрейтін бапкерлеріміз аман болсын. Өз мектебін қалыптастырған бапкерлердің арасында кімді ерекше айта аласыз?

– Мықты бапкер көп. Соның бірі – Мырзағали Айтжанов. Үш әлем чемпионы – Біржан Жақыпов, Қайрат Ерәлиев, Сәкен Бибосыновты, екі Олимпиада ойынының жүлдегері – Еркебулан Шыналиев пен Сәкен Бибосыновты шығарды. Әзірге Мырзағали – олимпиадалық спорт түрлерінен үш әлем чемпионын дайындаған Қазақстандағы жалғыз бапкер.

Мырзағалидың артықшылығы неде? Оның қолынан қаламы, қойнынан күнделігі түспейді. Үнемі жазып, жоспарлап, бақылап жүреді.

Мырзағалимен деңгейлес, өзінің жеке мектебін қалыптастырған Марат Жақиевты айтар едім. Бапкердің қол астынан екі рет Олимпиада ойынын-

да күміс медаль алған Әділбек Ниязымбетов, әлем чемпионы мен жүлдегерлері Ердос Жанаберенов, Бекзат Нұрдәулетов, Берік Әбдірахманов жаттығып, әлемдік деңгейге көтерілді. Марат талапты жастарды елдің әр өңірінен тауып, олардың рухын шыңдап, чемпион етіп тәрбиеледі. Ақтау қаласында бокс клубын ашып, бапкерлер алқасын құрды. Сөйтіп, команда жасақтап, қазақ боксының көтерілуіне үлес қосып келеді. Міне, көріңіз бе, жекелеген бапкерлердің жанкешті еңбегімен бокс өз деңгейін сақтап тұр.

– Сөзсіз, Мырзағалидың да, Мараттың да еңбегін мойындаймыз. Алайда спорт ғылымынан ажыраған тұста білім алып, университет тауысқан жас бапкерлер жайлы не дейсіз? Ұлт спортының дамуында бапкерлердің біліктілігі шешуші рөл атқармай ма?

– Бұл ойыңызбен толық келісемін. Озық елдердің тәжірибесіне сүйеніп, Қазақстанда жаттықтырушылардың жоғары мектебін ашу керек. Бір кездері Мәскеудегі осындай орталықта қазақтың талай бапкері біліктілігін арттырды. Ол жерде бір-екі жыл бапкерлер білім алып, біліктілігін көтеріп қана қоймай, спортшының бабына енуін және оны сақтаудың методикасын, тіпті дұрыс салмақ қуу мен тиімді тамақтанудың қыр-сырын меңгергенін жақсы білеміз. Осындай игі дәстүрді жалғастыру үшін не Алматы, не Астана қаласында жаттықтырушылардың жоғары мектебін құру маңызды. Сосын ғылыми топ жаттықтырушыларға арналған әдістемелік құралын шығарып, тәжірибені тарату керек.

– Жасөспірімдердің жас ерекшелігіне қарай физикалық жүктемені беріп үйрену керек дейсіз ғой. Солай ма?

– Кеңес заманында жасөспірімдердің ерекшелігіне қа-



Қазір он бапкердің сегізі қолына қалам ұстап, жеке жоспар құрып, әр спортшының мүмкіндігін зерделей бермейді. Керек десеңіз, он бапкердің тоғызы жоспарсыз жұмыс істейтін жағдайға жеттік. Қысқасы, жүйесіздікке көштік

рай кезең-кезеңімен физикалық жүктеме беретін. Мәселен, алғашқы дайындық тобында балалар керілу, созылу, жүгіру жаттығуын орындап, белгілі бір спорт түріне дайындалатын. Екіншісі – оқу-жаттығу тобы. Онда спорт түрі бойынша әдіс-тәсілдер үйреніп, физикалық дайындығына мән береді. Үшіншісі – спорттық жетілдіру тобында түрлі деңгейдегі жарысқа қатыса бастайды. Бокс пен күресте 12-13 жасқа дейін баланы жарысқа жіберуге болмайды. Ал қазір қаратәде 5-6 жаста жарысқа барады. Бұл жаста басына соққы тиген баланың психологиясы қандай болады? Осы жағын ойладық па? Мәселен, Англияда 12 жасқа дейін балаларға футбол ойнағанда баспен доп ұруға рұқсат бермейді. Төртіншісі – жоғарғы шеберлік тобы. Осы кезеңнен өткен спортшылар жауапты жарыста зорығып, шаршап шықпайтын еді. Күрес түрлері бойынша жарысқа қатысқан балуандар екінші кезеңге шыдамайды. Көбіне функционалды дайындығы жетпей жатады. Неге? Себебі жастайынан жиі-жиі салмақ қуып, әлден шаршап қалған.

Негізі, 16 жасқа дейін спортшы мүлде салмақ қумауы керек. Бұл – ғылыми дәлелденген мәселе.

Біздің спорт интернаттарда оқитын спортшылар 3-4 келіге дейін салмақ қуады. Бәрі нәтиже үшін. Жастайынан салмақ қуған баланың денсаулығына зиян келеді. Мұның бәрі жас спортшы ақыл-ойының жетілуінде шешуші рөл атқарады.

– Шетел тәжірибесі демекші, біз кімнен үлгі алуымыз керек?

– Олимпиада ойындарында Англия 8-9 спорт түрімен үздік бестікке жүреді. Аустралия 10-12 спорт түрімен алғашқы ондыққа енеді. АҚШ-та спорт ғылымының сүйемелдеуімен дамып отыр. Онда мектеп жасындағы баланың салмақ қууы деген түсінік жоқ. Жастар өзіне ұнаған спорт түрін хобби ретінде таңдап, шұғылданады. Есесіне студенттік спорт қатты дамыған. Мықты бапкерлер студенттер арасынан үздігін таңдап, 18-22 жастағы спортшыны Олимпиада ойындарына дайындауды бастайды.

Осы АҚШ-ты Олимпиада ойындарында үнемі көш басынан көреміз. Көп жағдайда бірінші орыннан көрінеді. Яғни спорт державасына айналған ел.

– Біз қай спорт түрлеріне басымдық беруіміз керек?

– Ұлан-ғайыр жерді бізге аманат қылған ата-бабаларымыз қайратты әрі жігерлі еді. Күші мығым, етті де жылдам болуда үнемі өзін жетілдіріп отырды. Осы қасиеттер біздің тегімізде бар. Әсіресе бокс, күрес, атқа міну, садақ пен мылтық атуды ерекше айту керек. Бұған ауыр және жеңіл атлетика, қайық есу, дзюдоны қосқанымыз дұрыс. Жалпы, қазақ ұлтының табиғатына жақын спорт түрлеріне басымдық беріп, дамыту маңызды. Регбиге көңіл бөлсек қайтеді? Бір дерек келтірейін, Ғынық мұхитының оңтүстік-батысында шағын аралдарда Фиджи деген ел бар. Халқының саны миллионға жетпейді. Осы елдің ерлер командасы Рио-де-Жанейро мен Токио Олимпиадасында алтын медальді жеңіп алды. Олар біздің жігіттерден әлеуетті дейсіз бе? Жоқ! Тек Фиджи елі регбиді жүйелі дамытып отыр.

– Басқа спорт түрлерін қалай дамытамыз?

– Қазір аймақтық спорт басқармалары 100-ден астам спорт түрін дамытуға жауапты. Англия секілді Олимпиадаға кіретін 10-12 спорт түрін белгілеп, дамыту маңызды. Қалған спорт түрлерін шетелдердің тәжірибесіне сүйеніп, спорт клубтары мен федерациялар есебінен жүргізу керек.

– Қазір басылым беттерінде «қазақ спортшыларында намыс жоқ» дегенді жиі оқимыз. Бұған келісесіз бе?

– Мұның себебі не? Алдымен соны анықтау керек. Ұлттық рух кеміген жерде ар-намыс принципі әлсірейді. Намысы жоқ адам қалай ұялады? Ұялмайды. Ал рухты не оятады? Тіл мен иман. Қазір қазақ спортының тілі қай тіл? Мәселе осында. Тілін құрметтеген ұлт намысын өзгеге бермейді. Кавказдың балуандары неге алымды? Өйткені олар өз тілін құрметтеп, ұлттық тағамын тұтынады.

– «Ас – адамның арқауы» дегендей, спортшының жетістікке жетуінде тамақтың алар орны зор дейсіз ғой.

– Бұрынғы қазақ жылқының етігін жейтін. Қазір спортшылар сиыр мен тауықтың етін тұтынады. Құдай-ау, тауықтың етін жеген спортшыдан қандай нәтиже күтуге болады? Қазақ топқа түсер санлағына қай заманда сиырдың етін беріп еді? Сосын табиғи сусынымыздан аршылып, газданған сусындарды тұтынамыз.

– Ұлттық және жастар құрамалары жаттығу жиындарына көп барады» дегенді естиміз. Бұл туралы не дейсіз?

– Мұндай проблема бар. Оған жыл көлеміндегі әртүрлі деңгейдегі 7-8 турнирді қосыңыз. Спортшы қалай, қашан демалады? Сүйек пен еттен жаралған адам болғандықтан шаршайды. Шаршағаннан кейін жиі жарақат алады. Өйткені артық жүктемені көтере алмайды.

– Өңірлер спортына қатысты игі істер туралы айта кетсеңіз.

– Қызылорда облысының спортын Садық Мұстафаев басқарған жылдары Сыр спорты бір серпіліп қалды. Ол ауыл-ауылда футбол, волейбол алаңдарын ашуға ұйытқы болды. Ауылдарға бір-бір спорт нұсқаушысын бекітуге мән берді. Аудандарға жоғары санатты бапкерлерді әкеліп, тәжірибе алмасу семинарларын өткізді. Мәселен, даңқты балуан Аманжол Бұғыбаевты ауылдарға апарып, бапкерлермен тәжірибе алмастырып, жас спортшыларға тәлімін сіңірді. Грузиядан мықты бапкерлерді 10-15 күнге шақырып, курстар ұйымдастырды. Садықтың осындай жұмысының нәтижесінде Қызылорда елдегі спорты дамыған маңдайалды өңірге айналды.

Сұхбаттасқан  
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ







## ӨНЕР ОШАҒЫНДАҒЫ НАУРЫЗ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «Наурыз – думан» атты мерекелік іс-шара өтті.

Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейрманқұлов, оның орынбасары Нұран Қамзин, «Наз» мемлекеттік би театрының директоры Еркебұлан

Ағымбаев, Астаналық цирк бас директоры Ерік Жолжақсынов, белгілі ақын Серікзат Дүйсенғазин құрметті қонақтар қатарында болған думанда қазақ халқының салт-дәстүр-

лері көрсетіліп, жұрт ұлттық тағамдардан дәм татты, әуезді әндер айтылып, мың бұралған бишілер би биледі, ұлттық ойындар ойнатылды. Алдымен Қыдыр ата бата

берді. Филармония ұжымы он ауылға бөлініп, әрқайсысы ұлттық салт-дәстүрлерді көрсетті. Атап айтқанда, «Бесікке салу», «Тұсаукесер», «Тоқымқағар», «Байғазы беру», «Сырға салу», «Қыз ұзату», «Түйемұрды», «Құда күту», «Құйрық-бауыр асату», «Беташар» көрсетілді.

## КӘСІПКЕРЛІК ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ КІТАП

Елордадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында экономист, сарапшы, «Астана ақшамы» газетінің тұрақты авторларының бірі Ербосын Нұрмұханұлының «Шағын бизнес шаң қауып қалма-сын» кітабының тұсауы кесілді.



Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

«Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған бұл мәдени басқосуды ҚР Президентінің кеңесшісі Мақсат

Сқақов жүргізді. Қара сөзге келгенде су жорғадай көсілетін ол Ербосын Нұрмұханұлының адамгершілік, кісілік болмысы мен экономика саласындағы елеулі еңбектеріне тоқтала келіп, тұсауы кесіліп отырған кітаптың еліміздің экономикасын дамытып, шағын

бизнеске серпін беруге септігі тиетін құнды туынды екенін айрықша атап өтсе, «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының президенті Абзал Сапарбекұлы жаңа кітапты оқырманға пайдасы тиетін кітап деп атады.

– Қазақта «Елге ел қосылса – құт» деген аталы сөз бар. Ербосын Нұрмұханұлы – шетелден атажұртқа оралып, білімі мен тәжірибесін ел экономикасын өркендетуге жұмсап, кәсібін дөңгелетіп жүрген азаматтың бірі. Кәсіпкерлікпен қатар қоғамдық өмірге де белсене араласып, көргені мен көкейге түйгенін ел дамуына септігі тиер ұсыныс-пікірлерін мерзімді басылым беттерінде үзбей жариялап келеді. Міне, сол мақалалардың дені біз тұсауын кесіп отырған

жинақтан көрініс тауыпты. Отанға үлес қосу деген осы емес пе?! Айтары бар азаматтың бұл кітабынан ойлы оқырманның маңызды да пайдалы ақпараттар алатынын күмәніміз жоқ, – деді Абзал Сапарбекұлы.

Автордың 50 жасқа толған мерейтой қуанышына орай жарық көрген кітапқа Ербосын Нұрмұханұлының «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан» сияқты елімізге танымал газеттер мен «Абай» порталы сияқты сайттарда жарияланған мақалалары енгізілген. Аты айтып тұрғандай, кітаптың негізгі мазмұны шағын бизнесті дамыту, мемлекеттік сатып алуға қатысты механизмді реттеу жағындағы ұтымды ұсыныстар мен шетелдің озық тәжірибелері таныстырылған.

## ӘЙГЕРІМНІҢ ӘН КЕШІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда өнер ұжымының әншісі Әйгерім Нартүіенің «Меруерт моншақ» атты шығармашылық кеші өтті.

Әйгерім Нартүіе жер жәннаты – Жетісу өңірінде дүниеге келді, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «дәстүрлі әнші» мамандығы бойынша түлегі. Консерваторияда Арқа әншілік мектебі бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ардақ Исатаева сыныбын бітірді. Оның ұстаздары мен тәлімгерлерінің арасында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, танымал әнші Ақан Әбдуәлиев бар.

Мектеп қабырғасынан бастап Әйгерім түрлі музыкалық байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жүлделерінің қатарында Дөнеш Рақышев атындағы I республикалық әншілер байқауының бас жүлдесі, Ж.Елебеков атындағы III республикалық дәстүрлі әндер байқауында Қ.Байжанов



атындағы арнайы жүлде бар. К.Әзірбаев атындағы V республикалық «Шырқа, дауысым» әншілер байқауының I орын иегері, «Шабыт» ХХ халықаралық шығармашылық жастар фестивалінің лауреаты.

Сүйінбай Аронұлы атындағы Алматы филармониясында еңбек етіп, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі орындаушылық өнер» кафедрасында және П.Чайковский атындағы Алматы музыка-

лық колледжінде «Дәстүрлі ән» мамандығы бойынша ұстаздық қызмет атқарды. 2014 жылдан бастап Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Халық әні» бөлімінде жұмыс істейді.

Әйгерімнің ән кешінде «Ақшоқы», «Керім сал» халық әндері, ақын Бармақтың «Мәті Дәурен», Дөнеш Рақышевтің «Саясында алманың», Қапез Байғабылұлының «Меркі», Бексұлтан Байкенжеевтің «Ақбаян», Ермұрат Усеновтің «Меруерт моншақ», т. б. әндер орындалды.

Концертке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, әншінің ұстазы Ардақ Исатаева және әріптестері Бейбіт Мұсаев, Перизат Тұрарова, Бибігүл Сауытбаева, Гүлім Алшынова қатысты. Сондай-ақ «Қорқыт» этноансамблі мен «Шалқыма» халық би ансамблі өнер көрсетті.

## ДАЛА ДАНЫШПАНЫНЫҢ ДИДАРЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Vinom school мектеп-лицейі дала данышпаны, кемеңгер ойшыл, аудармашы, тарихшы, ақын, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған «Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл» атты әдеби-танымдық кешін және орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Шәкәрімнің асыл мұрасы» атты көшпелі кітап көрмесін ұйымдастырды.

Әдеби-танымдық кеште «Руханият» КММ басшысы Әділ Орынбасарұлы ақынның шығармашылығы туралы ой-толғамдарын айтып, жастарға ізгі тілегін

сына сәулемі ой салғаны анық. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларынан үзінділер оқылып, тыңдарманға үлкен әсер етті. Ақынның «Қалқа-



билдірді. Кеш шымылдығы әнші Абылай Низанның орындауындағы Шәкәрім бабамыздың «Бұл ән бұрынғы өннен өзгереді» атты әнімен ашылды. «Руханият» мекемесінің қызметкері ақын Серік Рысбекұлы ақын рухына арналған жырын оқыды. Талапты өрендер Ш.Құдайбердіұлы өлеңдерінің маңызын түсініп, мәнерлеп жатқа оқумен ерекшеленді. Шәкәрім бабамыздың «Адамдық борышың», «Өлімнің хақ екенін білсең де», «Шыңнан өзге құдай жоқ», «Талап пен ақыл» өлеңдері көрермендер жүрегін тебіrentіп, сана-

ман-Мамыр» поэмасынан тарихи көріністер көрсетіліп, талантты оқушылар бойындағы өнерімен дараланды. Көрермендер ақынның сөздерінен, ойларынан гибрат алды.

Болашағынан үміт күтетін жас ақындар «Ақындар шеруі» атауымен Шәкәрім бабамызға арнаған жырларымен ел көңілінен шықты. Кеш барысында Шәкәрімнің, хакім Абайдың әндері орындалды. Соңында «Руханият» КММ басшысы Әділ Орынбасарұлы қатысушыларға мекеме атынан алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады.

## САЛТ-ДӘСТҮР САХНАДА СӨЙЛЕЙДІ

1 мамыр күні «Астана Балет» театрында «Ашық сахна» I республикалық байқауының жеңімпаздары қойған «Жеті қазына» спектаклінің премьерасы өтеді. Либретто авторы – Мәдина Алданова, композитор – Шырын Базарқұлова, хореограф – Уәлитбек Сиязбек, сценограф – Александра Рычкова. Премьералық көрсетілім қоюшы-дирижер Арман Оразғалиевтің жетекшілігіндегі «Астана Балет» симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен өтеді.

Спектакль тақырыбы қалың көпшілікке етене таныс «Жеті қазына» түсінігін ашады. Хореографиялық туындыда қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі суреттеледі. Яғни ер жігіттің қанаты – жүйрік ат, қыран бүркіт – қуаты, Ақ жаулық – өмірлік серігі. Алмас кездігі – сұсы. Ақыл-

білімі – саналы ғұмырының, озық өмірінің кепілі. Құмай тазысы – саяттары серігі. Спектакль авторлары қазақ халқының тұрмысын салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы арқылы суреттеуге тырысты.

Сол күні «Ашық сахна» байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі де өтіп, «Ұлы дала мұрасы» дивертисменті де көрсетіледі.





## ЧЕРНОБЫЛЬ АРДАГЕРІНЕ АРНАЛДЫ

Елордадағы №8 мектеп-лицейінде Чернобыль апаты зардабын жоюға қатысқан Қайрат Туғанбаевты еске түсіруге арналған кешенді спорт жарысы өтті.

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Мектеп оқушылары асық ату, шахмат және үстел теннисі жарысы бойынша бәсекеге түсті. Жарыстың ашылуында Қайрат Туғанбаевтың өмірі туралы тағдырлас достары мен отбасы мүшелері естеліктер айтты.

– Әлемдегі ең ірі техногендік апат ретінде тіркелген Чернобыль апатының орын

алғанына биыл 37 жыл болды. Бұл қасіретті апаттың зардабын жоюға Қазақстаннан 30 мыңға жуық адам қатысты. Өкінішке қарай, сол ауыр радиацияның салдарынан қаншама отандасымыз өмірден ерте өтіп жатыр. Солардың бірі болған Қайрат Туғанбаевты бүгін достары еске түсіріп, жасөспірімдер арасында спорт жарысын ұйымдастырып отыр. Бұл – ерлікке тағзымның белгісі. Біз осындай іс-шаралар өткізу арқылы қоғамды техно-

гендік апаттардың алдын алуға шақырып және Отан алдындағы міндетін адал атқарған Чернобыль батырларының ерлігін жас ұрпаққа насихаттағымыз келеді, – дейді жарысты ұйымдастырушы Астана қаласының «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектері бірлестігі» қоғамдық ұйымының төрағасы Әдепхан Ахметов.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері диплом, медаль және кубоктармен марапатталды.

## 1000 ОРЫН ҰСЫНЫЛДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде елордалық жоғары оқу орны түлектері мен елорданың жұмыссыз жастары үшін бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Кезекті жәрмеңкеде 100-ге жуық жұмыс беруші қатысып, 1000-нан аса бос жұмыс орны ұсынылды.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Жәрмеңкені «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаровтың сөзінше, жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ай сайын өткізу көзделген.

«Жәрмеңке – жастар үшін бос жұмыс орындары нарығын өздері қалаған салада зерттеуге және бірнеше жұмыс берушілермен бір жерде тікелей сөйлесуге тамаша мүмкіндік. Жыл басынан жұмыссыз жастарға арналған үш бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді. Жұмыс жәрмеңкесін қаладағы 15 жоғары оқу орнының, одан бөлек, колледждер мен 22 базарлардың аумағында

ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз» деді Қ.Қамбаров.

Жәрмеңкеге «Астана-Энергия» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақстан халық банкі» АҚ, «Астана жобалау» ЖШС және қалалық прокуратура, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының өкілдері қатысты. Солардың қатарында «Aiplus» республикалық оқу орталығы бар. Орталықтың менеджері Гүлзада Мағрулбекова пән мұғалімдері мен сату бөлімінің мамандарын іздейтінін айтты. Аталмыш орталық үш жыл қатарынан бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысып келеді. Мекеме қызметкерлерінің бос бөлігі – студент жастар.

Білім, сауда, қаржы, құрылыс саласындағы мекемелер жұмыс іздеп жүрген азаматтарға ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, түйіндемесін қабыл-

дады. Өз түйіндемесін ұсынған студенттер қатарында университеттің көлік-энергетика факультетінің 4-курс студенті Дулат Самұратов болды.

«Осы жылы бітіруші түлек болғаннан кейін, жұмысты, біріншіден, өз мамандығым бойынша қарастырып жатырмын. Яғни жылу-электр орталықтарындағы жұмыс өзіме қызық. «Астана-Энергия» АҚ-қа өзімді ұсындым. Жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне осыған дейін де қатыстым» деді студент.

Өткен жылы жұмыссыз жастарға арналған 5 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Оған елорданың 221-ден астам жұмыс берушісі, 3400-ден астам жастар мен студенттер қатысып, 2250-ден астам бос жұмыс орны ұсынылып, 260-қа жуық адам жұмысқа орналасты.

## АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 3 мамырда сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:**

1. 2023 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін мерекелеуге байланысты Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және басқа адамдарға, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы.

2. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын

келісу туралы.

3. «Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласын басқару тәсімі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №235/32-VII шешіміне толықтыру енгізу туралы.

4. «Астана қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №424/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-35, 55-66-36.

**Е.КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

## 70-тен АСТАМ КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Астанада ауа райының жылынуымен жол жөндеу жұмысы басталды. Жөндеу жұмысы кезінде көше учаскелері ішінара жабылады. Қазіргі уақытта елордада 10-ға жуық көше учаскесіне жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Олардың қатарында Панфилов, Кенжин көшелері, Жеңіс даңғылы, Жұмбақтас тұйық көшесі және басқалары бар. Мұнда қозғалыс ішінара немесе толығымен шектелген.



Биыл жалпы ұзындығы 54,3 шақырым болатын 72 көшеге орташа жөндеу жүргізу жоспарланып отыр, оның 44-і – ұзындығы 40 шақырым болатын орталық көшелер, 28-і қаланың елді мекендерінде орналасқан. Мәселен, әл-Фараби даңғылы Алаш көпірінен

Пушкин көшесіне дейін, Уәлиханов көшесі Бөгенбай батыр даңғылынан Кравцов көшесіне дейін, Ш.Құдайбердіұлы даңғылы Мұстафин көшесінен Қошқарбаев даңғылына дейін, «Тұлпар» көпірі, Тұран даңғылы Қорғалжын көшесінен Сарайшық көшесіне дейін және т. б.

учаскеде жөндеу жүргізіледі. Сонымен қатар, биыл елордада ұзындығы 13 шақырым болатын 31 көше салынады, 4 көше бойынша жұмыс толық көлемде аяқталады, 19 көше бойынша жалғасады, тағы 8 көшеде жөндеу жұмысы енді басталады.

**Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!**  
«Столичная дезинфекция» ЖШС 28.04.2023 жылдан бастап Астана қ. ірі, таяз және уақытша

су айдындарында және ашық стационарларда 1-турда масаларды жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-707-300-50-30.

«Астана қаласының Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (ҚР Экологиялық кодекстің 49-3-бабына сәйкес) «Астана қаласының №2 тазарту құрылыстары құрылысының қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.  
Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 20 маусымда сағат 11:00-де ашық жиналыс түрінде

Астана қаласы, Қабанбай батыр, 33, мәжіліс залы мекенжайында өтеді.

ZOOM платформасында онлайн тыңдауларға қосылу үшін; конференция идентификаторы: 815 7447 3051, кіру коды: 677988.

Жобалық құжаттама және белсенді сілтеме экопорталда ұсынылған және жергілікті атқарушы органның сайтында орналастырылған. Қосымша ақпарат мына мекенжай бойынша: ecom05@list.ru, тел.: 8 (7212) 910-252.

### ЕСКЕ АЛУ

Артыман ерген бауырым **Пішенбай КӘРІҰЛЫНЫҢ** өмірден өткеніне 1 жыл болып қалыпты. Зымыран уақытта тоқтау болған ба?

Өмір деген өтеді екен, сірә да өстіп, Жаназасына да бара алмай, жаттым ауруханада жылап, өксіп. Көзден емес, жүрегімнен жас моншақтап, Жете алмадым бауырыма көз көрсө де, құлағым естіп. Бұл дүниенің биігінен көрінген, Абзал адам өтсе-дағы өмірден,



Туыс-бауыр дұға тілеп рухына, Еске алады сағынышты көңіл-мен.

Пішекем туралы жаза бергім келеді көп естелік,

Бірге туған бауырлар емес пе едік,

Алладан соң, анда-санда барғанда Серік жездең демеді,

Күлімсіреп жүруші едің, біреуімізге «Әй!» демедің.

Кәрі Мизанбаевтың ұрпақтары атынан: тәтесі Несібелді Астана қаласы, 2023 жыл





№50-51 (4484) 29/04/2023 Сенбі

**29.04-03.05**  
«БАҚЫТ ЖОЛЫНДА» КӨРМЕСІ  
С.Сейфуллин музейі

**29.04**  
**17:00**  
«ЖЫР ЖАЗАМЫН ЖҮРЕГІМНЕН» КОНЦЕРТІ  
Ұлттық әскери-тарихи патриоттық орталығы  
ҚАЗАҚ ОРКЕСТРІ  
АЗАМАТ ЖЫЛТЫРҚОЗОВ

**29 сәуір**  
**19:00**  
1 сағат  
20 мин  
«МАХАБАТ МИНИАТЮРАЛАРЫ»  
«Жастар» театры

**29.04**  
**18:00**  
«КӨКТЕМГІ КӨҢІЛ КҮЙІ» КОНЦЕРТІ  
«Астана Опера» театры  
Государственное трио РК FORTE TRIO

**29.04**  
**18:00**  
ЭТНОДЖАЗ КЕШТЕРІ  
«Қазақстан» ОКЗ

**29.04**  
**16:00**  
«СҰЛУ МЕН ҚҰБЫЖЫҚ»  
Астаналық цирк  
ТЕАТРАЛЬНО-ЦИРКОВАЯ КОМПАНИЯ  
КРАСАВИЦА И ЧУДОВИЩЕ

Не? Қайда? Қашан?

**29.04**  
**19:00**  
«НАСАК» ТОБЫНЫҢ КОНЦЕРТІ  
Астаналық филармония

**29-30.04**  
**12:00, 14:00**  
«ОТБАСЫ АЛЬБОМЫ»  
Қуыршақ театры

**30.04**  
**14:00**  
«ҚАҢБАҚ ШАЛ»  
Абу-Дабі Плаза

**СӘУІР**  
**19:00**  
АЙГҮЛ ИМАНБАЕВАНЫҢ «МЕН» ӘН КЕШІ  
Бейбітшілік және келісім сарайы

**29.04-09.05**  
**10:00-20:00**  
«ШОКОЛАНДИЯ» ШОКОЛАД КӨРМЕСІ  
ал-Фараби атындағы Оқушылар сарайы  
ШОКОЛАНДИЯ ШОКОЛАД КӨРМЕСІ  
ШОКОЛАДНАҢ ВЫСТАВКА ШОКОЛАНДИЯ АСТАНА

**29.04-03.05**  
**10:00**  
«ХАЛЫҚ БАТЫРЫ» КӨРМЕСІ  
Ұлттық музейі

**01.05**  
**18:00**  
ЖЕТІ ҚАЗЫНА  
Астана Балет

**01.05**  
**10:00**  
МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА  
Қаламгерлер аллеясы

**01.05**  
КӨРМЕ-ЖӘРМӨҢКЕ  
«Триатлон» саябағы

**01-07.05**  
**18:00**  
М.ӘУЕЗОВ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛЬДЕРІ  
Қ.Қуанышбаев театры

**01.05**  
**12:00**  
МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ  
«Бәйтерек» монументінің алаңы



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №50-51

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ